



БІЗ ТАҢДАҒАН ЖОЛ – ӨРКЕНДЕУ мен ДАМУ ЖОЛЫ

Республика күні қарсаңында Президент Жарлығымен бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты жиында қазақстандықтарды ұлтымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтап, бұл азаттықтың алтын қазығын қаққан күн екенін атап өтті. Президент еліміздің Егемендігі туралы декларация қабылданған күнді қасиетті Тәуелсіздігіміздің бастауына балады.

Мемлекет басшысы болашаққа сеніммен қарайтын ұлт қана табысқа жете алатынына назар аударып, өмір болған соң түрлі қиындық та кездесетініне тоқталды.

— Еліміз таңдаған даму жолынан ешқашан айнымайды. Мұны биылғы табиғи апат кезінде тағы дәлелдедік. Алапат тасқын, шын мәнінде, еліміз үшін зор сынақ болды.

Қаншама елді мекенді қарғын су басты. Қазақстанның 10 аймағында төтенше жағдай жарияланды. Мыңдаған адам баспанасыз қалды, мал-мүлкін жоғалтты. Күрделі сәтте менің халыққа арнайы үндеу жариялағанымды білесіздер. Онда бірде-бір адам ескерусіз қалмайтынын нақты айттым. Мемлекет сол уәдесін орындады. Қысқа мерзім ішінде

2 700-ге жуық үй салынды. Баспанасын қалпына келтіру үшін 9 мыңнан астам отбасына өтемақы берілді. Сондай-ақ 6 мыңға жуық үй сатып алынды. Жаздан бері мыңдаған отбасы қоныстойын тойлады. Мемлекет бүлінген инфрақұрылымның көпшілігін аз уақытта қалпына келтірді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұның бәрін қоғамның бірлесе атқарған жұмысының нәтижесі деп бағалап, апат салдарын жоюға атсалысқандарға, әсіресе, құтқарушыларға, еріктілерге, кәсіпкерлерге және басқа да жанашыр азаматтарға алғыс айтты.

(Жалғасы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ БРИКС САММИТІНЕ БАРДЫ



Мемлекет басшысы Қазан қаласында БРИКС-тің XVI саммиті өтіп жатқан «Қазан Экспо» халықаралық көрме орталығына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаевты Ресей Президенті Владимир Путин қарсы алды.

Сондай-ақ жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы БРИКС-тің XVI саммитіне қатысушылармен бірқатар кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сисимен, Лаос Президенті Тхонгхун Сисулитпен, Конго Президенті Дени Сассу-Нгессомен және Вьетнам Премьер-министрі Фам Минь Чиньмен аз-кем кездесіп, әңгімелесті.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

РЕСПУБЛИКА – АЗАТТЫҚТЫҢ АСЫЛ ДІҢГЕГІ

ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІНЕ КӨҢІЛ АЙТТЫ



Мемлекет басшысы Анкара қаласының маңындағы TUSAŞ аэроғарыш корпорациясының ғимаратына жасалған лаңкестік шабуыл салдарынан бірнеше адамның қаза табуына байланысты Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға көңіл айтты.

— Суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдадым. Қазақстан бейбіт тұрғындарға қарсы қастандық әрекетті қатаң айыптайды. Осындай ауыр сәтте Сізге және барша түрік халқына, сондай-ақ қайтыс болған азаматтардың жақын туыстарына қайғырып көңіл айтамын. Марқұмдардың жаны жәннатта болсын. Зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіремін, — деп жазылған жеделхатта.



4

МЕНИҢ АТЫМ – ҚАЗАҚСТАН



8

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Вьетнам Президенті Лыонг Кыонгты құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Социалистік Республикасының жаңадан сайланған Президенті Лыонг Кыонгқа құттықтау жеделхатын жолдады.

— Сіздің сайлаудағы жеңісіңізді Вьетнамның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, елдің әл-ауқатын еселеуге және халықаралық аренадағы беделін нығайтуға бағытталған сара саясатыңызға отандастарыңыз көрсеткен қолдаудың айғағы деп білемін. Қазақстан мен Вьетнам арасындағы достық пен өзара сенімге негізделген қарым-қатынасты одан әрі нығайту үшін Сізбен бірге күш-жігер жұмылдыруға дайын екенімді растаймын, — деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Лыонг Кыонгтың аса жауапты қызметіне толағай табыс, ал достас Вьетнам халқына ырыс пен құтбереке тіледі.



24 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

БІЗ ТАҢДАҒАН ЖОЛ – ӨРКЕНДЕУ мен ДАМУ ЖОЛЫ

(Басы 1-бетте)

— Өзара тілеуестік пен камқорлықтың арқасында сынақтан сүрінбей өттік. Шын мәнінде, біздің барлық жетістігіміз берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтан бастау алады. Бұл — ұйысқан ұлт, мықты мемлекет болудың басты кепілі. Елде тұрақтылық болмаса, ешқандай даму болмайтынын қазір әлемде болып жатқан оқиғалардан анық аңғаруға болады. Өкінішке қарай, көптеген елдер алауыздық пен түрлі жанжалдың кесірінен тоқырауға ұшырап отыр. «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл — ақиқат.

Біз елімізде жан-жақты реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Бұл — ең алдымен, халқымыздың тұтастығы мен бірлігінің арқасы. Себебі біз таңдаған жол — өркендеу мен даму жолы. Бүгінде оның жемісін барша азаматтарымыз көріп жатыр, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, ауқымды саяси жаңғырулар арқылы мемлекетіміздің демократиялық дамуының жана бағдары айқындалды. Конституциялық реформаны іске асыру нәтижесінде биліктің негізгі институттары қайта құрылымдалып, орнықты саяси жүйе қалыптасты. Бұл саяси жүйенің негізі — ашықтық пен әділдік, тиімділік пен бәсекеге қабылеттілік. Ең бастысы, халыққа қызмет ету қағидасы қамтылған. Мемлекет басшысы осындай құндылықтар негізінде біздің қоғамдық-саяси өмірімізде іргелі өзгерістер болып жатқанын айтты.

— Жақында өткен Атом электр стансасын салу жөніндегі референдумның қорытындысы — соның жарқын дәлелі. Азаматтардың 70 пайыздан астамы АЭС құрылысын қолдап дауыс берді. Бұл халқымыздың тағдыршешті сәттерде өрлеу жолын таңдайтынын көрсетті. «Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидаты — мемлекеттік саясатымыздың негізі. Жалпы, энергия тапшылығының артуы — еліміз үшін өте өзекті проблеманың бірі. Оны дер кезінде шешпесе, экономикамыздың дамуына кедергі келтіріп, азаматтардың тұрмыс сапасына кері әсерін тигізеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарына сәйкес ауқымды жұмыс атқарылып жатқанына тоқталды. Елдің көлік, энергетика және индустрия жүйесі қайта құрылып жатыр.

— Бес жыл бұрын Бұқтырма бөгеніне көпір салу туралы тапсырма бердім. Жұрт жылдар бойы жазда — пароммен, қыста мұздың үстімен жүретін. Бұл өте ыңғайсыз әрі қауіпті болғаны түсінікті. Енді мәселе біржола шешімін тапты. Көпірдің құрылысы аяқталды, бірнеше күн бұрын ресми түрде ашылып, ел игілігіне берілді. Бұл — Қазақстандағы ең ұзын көпір. Осылайша, шекара маңындағы аудандар транзиттік аумаққа айналды, яғни Қазақстан арқылы Қытай мен Ресейді жалғайтын тағы бір төте жол пайда болды. Осы маңызды жоба Шығыс Қазақстандағы бірнеше ауданның көлік қатынасын едәуір жақсартды. Жалпы, сапалы жол — халықтың тұрмысына оң ықпал ететін фактор. Мен бұл мәселеге айрықша мән беремін, — деді Президент.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев биылдың өзінде ұзындығы 12 мың шақырым жол салынып, жөнделіп жатқанын еске салды. Әсіресе, аймақтардағы жолды жақсартуға баса назар аударылып отыр. Оның айтуынша, Батыс Қазақстанда сонау Кеңес заманынан бері қараусыз қалған жолдар бар. Казталовка — Жәнібек — Ресей шекарасы бағытындағы жол биыл толық пайдалануға беріледі. Сонымен қатар әуе-қатынасын дамыту бағытында нақты жұмыс атқарылып жатыр. Жақында Қызылорда және Шымкент әуежайларында жана терминалдар ашылады.

Президент экономиканы әртараптандыру үшін қабылданyp жатқан жан-жақты шаралар туралы мәлімет берді. Атап айтқанда, биылғы 8 айда өңдеу өнеркәсібінің экспорты 17,8 миллиард доллардан асқан. Оның үштен бірі — күрделі технологиямен өңделген өнімдер. Қазір 17 серпінді, яғни озық инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығының даму қарқынына тоқталды.

— Бұл — азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша маңызды сала. Қазақстан әлемдік азық-түлік нарығындағы рөлін күшейте береді. Қазір күзгі жиын-терін науқаны аяқталып қалды. Дикандар қауымына шынайы ризашылық білдіремін. Көктемгі тасқында қарамастан 26 миллион тоннадан астам астық жиналды. Мұны рекордтық көрсеткіш деуге болады. Бұған мемлекет тарапынан көрсетілген нақты көмек те септігін тигізгені анық. Биыл көктемгі егіс науқанына берілетін арзан несие көлемі үш есе көбейді. Ауыл шаруашылығы техникасын лизинг арқылы алуға қосымша қаражат бөлінді. Жалпы, агроөнеркәсіп кешенінде 865 жоба жүзеге асырылмақ. Оның құны — 2,6 триллион теңге, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздегі кәсіпкерлік саласының өркендеу жолына түскенін, шағын және орта бизнес халықтың экономикадағы белсенді бөлігін жұмыспен қамтып отырғанын атап өтті. Мемлекет басшысы елдің іскерлік ахуалы мен инвестициялық тартымдылығын одан әрі жақсарту мақсатында мамыр айында Экономиканы ырықтандыру жөніндегі Жарлыққа қол қойғанын жеткізді.

— Отандық кәсіпкерлер елдегі маңызды жобаларды жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Олар мектептер, ауруханалар және басқа да әлеуметтік нысандар салып жатыр. Сондай-ақ өнеркәсіп пен инфрақұрылымды дамытуға инвестиция құйып, қайырымдылық бастамаларды қолдап жүр. Бұл — мемлекет пен бизнес арасындағы жасампаз серіктестіктің, бизнес өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілігінің айқын көрсеткіші, — деді Президент.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдердің тікелей міндеті — бизнес-қауымдастыққа жан-жақты қолдау көрсету, кәсіпкерлермен тығыз қарым-қатынас жасау екенін айтты. Президент елімізде басымдық беріліп отырған әлеуметтік салаларға тоқталды.



— Биыл «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 115 жана медицина нысаны салынды. Отандық медицинада емдеудің инновациялық әдістері енгізіліп, онкологиялық қызметті кешенді жаңғырту жұмысы басталды. Сала қызметкерлерін құқықтық және қаржылық тұрғыдан қорғау туралы заң қабылданды. Осы және басқа да жүйелі шаралардың нәтижесінде негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштердің жақсарғаны байқалып отыр. Орташа өмір сүру ұзақтығы Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет 75 жастан асты. Ұрпаққа сапалы білім беру — маңызды міндет. Елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Соның арқасында 500 мыңға жуық бала жана білім ордасында оқитын болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ғылыми және техникасы дамыған елдердің әлем көшін бастап тұрғанын тілге тиек етіп, осы үдерістен қалмау үшін технократ ұлт болуымыз қажет екенін алға тартты.

— Бұл — уақыт талабы. Келер жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладық. Біз техникалық және кәсіптік білім беруге баса мән беріп отырмыз. Биыл осы салаға арналған мемлекеттік тапсырысты едәуір көбейттік. Грант санын 10 мыңға арттырдық. Мемлекеттік тапсырыстың 65 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінді. Елімізде шетелдің беделді жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр. Білім-ғылымның сапасын жақсартуға қатысты басқа да шаралар қолға алынды. Жақында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылданды. Мұның бәрі бәсекеге қабылетті озық ұлт болуымыз үшін өте маңызды деп ойлаймын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл өзінің бастамасымен «Таза Қазақстан» акциясы басталғанын, бұл халықтың экологиялық мәдениетін көтеруге арналған жалпыұлттық жоба екенін атап өтті. Елдің ішкі жағдайы мен азаматтардың әл-ауқатына мемлекеттің сыртқы саясаты тікелей әсер етеді. Мемлекет басшысы бұл салаға да ерекше мән берді.

— Қазақстан ұлттық мүддеге негізделген теңгерімді, конструктивті сыртқы саясат жүргізеді. Биыл біз үшін халықаралық маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Қазақстан бірден бірнеше көпжақты ұйымдарға төрағалық етіп, бірқатар ауқымды іс-шара ұйымдастырды. Әсіресе, Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті мен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын атап өтуге болады. Мемлекетіміз әлемдік аренадағы орнын дәйекті түрде нығайту арқылы орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге және жаһандық сын-қатерлерді енсеруге елеулі үлес қосып келеді. Қазақ дипломатиясы санғасырлық тарихы мен дәстүрі бар Ұлы даладан бастау алды. Қазақстанның әлемдік аренадағы беделін нығайта түсу — ұлттық дипломатияның алдында тұрған маңызды міндет. Қазір дүниежүзі қауымдастығы біздің елімізді орта держава деп атайтын болды. Бірақ арқаны кенге салуға болмайды, әлі де өте белсенді жұмыс істеу қажет. Әлемде турлі қактығыс көбейіп, қарулану жарысы белең алғанын және сауда соғысы өршіп бара жатқанын көріп отырсыздар. Бірақ ең қауіптісі — сананың милитаризациясы, бір-бірінің ұстанымын мойындамау және сенімсіздіктің артуы, диалог пен консенсус үшін мүмкіндіктің азаюы. Осының бәрі әлемдік тәртіптің түбегейлі өзгеріске ұшырап жатқанын көрсетеді. Біз осындай жағдайдың өзінде тұрақтылық пен келісім мекені болып қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Бейбітшілік пен тыныштық — біздің ең құнды байлығымыз, оны аялап, көздің қарашығындай сақтауымыз керек, — деді Президент.

Бұл ретте Мемлекет басшысы бейбітшілік пен дамудың түп негізі отбасындағы тәрбиеден, көшедегі тазалықтан, қоғамдағы бірліктен бастау алатынына назар аударып, неліктен Заң мен Тәртіп үстемдігі туралы ұдайы айтатынын түсіндірді.

— Бұл — біздің байыппен таңдаған айнымас қағидатымыз. Ол қоғамдық санада тамыр жаюға тиіс. «Зан — ізгілік пен әділет өнері» деген әйгілі тәмсіл бар. Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз ету үшін қажет. Әрине, занның қатандығына наразылық білдіріп, «қылбұрау салып жатыр» деп ойлайтын адамдар әрқашан табылады. Бірақ жазадан жалтарып, жүгенсіз кеткендер, шын мәнінде, халық пен ел мүддесіне қарсы адамдар. Мемлекет қылмысқа «мүлдем төз-беушілік» қағидатын іске асыру үшін шара қабылдауды жалғастырады. Бұзақылықпен және ұйымдасқан қылмыспен ырысасыз күрес жүргізеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бір-бірімізді қолдап, биік мақсаттарға ұмтылатын бірлігі мықты ел болсақ, көк паспорттымыз да мықты әрі қуатты болатынын айтты.

— Бір-бірімізге тілектес болайық, өзара құрметпен қарайық, қадірлейік. Кез келген қиындыққа қарсы тұрып, ел үшін, жер үшін бірге еңбек етейік. Халқы — біртұтас, болашағы — жарқын Әділетті Қазақстанды бірге құрайық. Азаматтарымыз барлық салада әрдайым әділдік болғанын қалайды. Ол үшін әркім әділдікті, ең алдымен, өзінен бастауы керек. Сонда қоғам да, бүкіл мемлекеттік жүйе де әділ болмақ. Еліміздің ең басты мерекесі — Республика күнінде біз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегін атап өтуге тиіспіз. Оның қазіргі Қазақ мемлекетін құру ісінде шешуші тарихи рөл атқарғанын міндетті түрде айтуымыз қажет. Ел үшін жасалған қызмет ешқашан ұмытылмауы керек, ел жалдына сакталуға тиіс. Бұл — еліміздің болашағы үшін өте маңызды. «Жаксының жақсылығын айт» деген халқымыз. Бүгінгі тарихқа әділ баға берілуі үшін кешегі тарих әділ бағалануға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның жетістіктері барша халқымыздың ортақ табысы екенін атап өтіп, ұлық мейрам — Республика күніне орай елімізді дамытуға орасан зор үлес қосып жүрген бір топ азаматқа жоғары наградаларды және Мемлекеттік сыйлықты салтанатты түрде табыстайды. Олардың қатарында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және ғылым қайраткерлері, өндіріс, бизнес салаларының көрнекті өкілдері, депутаттар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілер, спортшылар және еңбек ардагерлері бар.

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы отандық ғылымды дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық қызметтегі аса үздік еңбегі үшін Президент жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті А.Жұмаділдаевқа, елдің әлеуметтік-гуманитарлық



дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін Алматы қаласы №4 арнайы мектеп-интернатының мұғалімі Г.Нұрпейісоваға, Орал қаласы А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының мұғалімі Э.Траисоваға және өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін Қарағанды облысы «Шахтерское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Г.Прокопка берілді.

«Отан» орденімен Кардиохирургия және трансплантология ғылыми-клиникалық орталығының директоры С.Жошыбаев пен көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н.Оразалин марапатталды.

І дәрежелі «Барыс» ордені Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары А.Рауға, Р.Бағланова атындағы «Қазакконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының әртісі Н.Өнербайға, еңбек ардагерлері К.Жақыпова, Ө.Озғанбаевқа, В.Редкошинге және С.Шәкіратқа, Алматы қаласы Regsona халықаралық клиникалық репродуктология орталығының басшысы В.Локшинге, ІІ дәрежелі «Барыс» ордені Қазақстанның Германия Федеративтік Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Н.Онжановқа және еңбек ардагері Ж.Шәріповке, ІІІ дәрежелі «Барыс» ордені Премьер-Министрдің орынбасары Т.Дүйсеноваға, шахматтан әлем чемпионы Б.Асаубаеваға, Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаевқа, Тараз қалалық Қоғамдық кеңесінің төрағасы С.Сейдізмовке табысталды.

Сонымен қатар бір топ белгілі ғалым, мәдениет, білім саласының қайраткерлері және өндіріс өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер «Парасат» орденінің иегері атанды. Олардың қатарында Алматы қаласы «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы З.Аманжолова, Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы «Арғымақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры О.Байділда, «Қазақстан авторлар қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры Б.Есенәлиев, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Х.Қалилмбекова, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының актері К.Кемалов, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас директоры К.Матыжанов, Түркістан облысының әкімі Д.Сатыбалды, «Мағжан» әдеби-көркем журналының бас редакторы Ж.Сүлейменов, Шымкент қаласының әкімі Ф.Сыздықбеков, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының актрисасы Д.Темір-сұлтанова бар.

Ұлтаралық бейбітшіліктің дамуына сіңірген елеулі еңбегі үшін «Ел бірлігі» орденімен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі С.Героев, күрдтердің «Барбанг» қауымдастығының төрағасы А.Алиев, «Мишва» қауымдастығының төрағасы А.Барон және «Динар-Электромаш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тең құрылтайшысы С.Вишняк марапатталды.

Еліміздің дамып, өркендеуіне елеулі еңбегі сіңген бір топ азамат, соның ішінде Алматы қаласындағы «Балдәурен» балаларды оңалту орталығы» КМК директоры Ш.Абесов, «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Р.Бектұров, Астана қалалық Жас көрермендер театрының актрисасы С.Еслямова, скрипкашы Ж.Серкебаева, Қосшы қаласындағы мектеп-гимназияның директоры Д.Асқарова «Құрмет» орденімен марапатталды.

Бұдан бөлек, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да өндіріс салаларының жұмысшылары мен еңбеккерлері ІІ және ІІІ дәрежелі «Еңбек данқы» орденін иеленді. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы ғылым және мәдениеттің көрнекті өкілдеріне табысталды.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, ақын-жазушылар Т.Мелетбек, В.Михайлов және И.Сапарбай «Қазақстанның Халық жазушысы» атағына ие болды. «Қазақстанның Халық әртісі» құрметті атағы еліміздің көрнекті мәдениет қайраткерлері — театр және кино актерлері К.Жұмабековке, Л.Кәденге, О.Қоржеваға, И.Лебсакка, Р.Махпироваға, Г.Шын-темірге және Ө.Ыдырышеваға, опера әншілері М.Мұхамедқызы мен Ж.Баспаковаға, дирижер А.Мұхитдинов пен күйші С.Тұрысбекке, сондай-ақ белгілі әнші М.Илиясоваға берілді.

Сонымен қатар биылдан бастап құрметті атақтар қатарына «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағы қосылды. «Ұлттық ғылыми медициналық орталығы» акционерлік қоғамының бас директоры А.Байгенжин, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі гематология орталығының басшысы В.Кемайкин және Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасының дәрігері Б.Цхай жана құрметті атақтың алғашқы иегерлері атанды.

Әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабылетін нығайту кезінде көрсеткен ерлігі үшін әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің бір тобы І және ІІ дәрежелі «Данқ» орденімен, ІІ және ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды. Атап айтқанда, суға батып бара жатқан адамды құтқарғаны үшін Р.Қошқарбаев атындағы ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен Ұлттық ұланның «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының аға жауынгері Ж.Пермабек, «Ерлігі үшін» медалімен Павлодар облысы полициясының участкелі аға инспекторы Е.Қойкен, Ақтөбе қаласының полиция инспекторы Ф.Нұрманов, Талдықорған қаласының полиция инспекторы С.Серікқалиұлы, жасөспірімді өрттен құтқарғаны үшін Атырау қаласы полициясының участкелік инспекторы Д.Қорғанбаев наградталды.

Биылғы мемлекеттік наградаларды тағайындауда қарапайым жұмысшылардың мәртебесін асыруға, еңбек әулеттерінің қоғамдағы абырой-беделін арттыруға айрықша мән берілді. Марапат иелерінің қатарында 450-ден астам жұмысшы, 137 педагог, 80-нен аса ғалым, 100-ге жуық құтқарушы мен ерікті бар. Еңбек династияларын марапаттау дәстүрі биыл да жалғасын тапты. Бұл жолы мұғалімдер, өндірісшілер, теміржолшылар әулеттері құрметке бөленді.

Асыл ТҰМАР



ТАРИХИ МАҢЫЗҒА ИЕ МЕРЕКЕ



Парламент Сенатында палата Спикері Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен Республика күніне арналған салтанатты жиналыс өтті.

Мәулен Әшімбаев әріптестерін ұлттық мерекемен құттықтап, Егемендік туралы декларация Тәуелсіздікке жол ашқанын және Қазақстанды халықаралық құқықтың дербес субъектісі ретінде бекіткенін атап өтті.

Сондай-ақ ол бұл күнге ұлттық мәртебе беру тарихи әділеттіліктің жарқын көрінісі екенін тілге тиек етті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Мұндай қадам болашақ ұрпақ үшін тарихи маңызға ие. Бұл — ғасырларға жалғасқан мемлекеттілігіміздің қайта жаңғыруының нышаны. Осы егемендік жолында халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешу» өткені белгілі», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар іс-шара барысында Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың іске асырылуын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету аясында Палата депутаттарының алдында тұрған міндеттерге тоқталды. Сенаторлардың алдағы жұмысы осы міндеттерге сәйкес жүргізіледі.

«Қазіргі таңда Президентіміздің бастама-сымен елімізде ауқымды әрі кешенді реформалар

іске асырылып жатыр. Соңғы жылдарда Әділетті Қазақстан құру, азаматтардың әл-ауқатын арттыру, экономикалық өсім және өңірлерді дамыту бағыттарында маңызды қадамдар жасадық. Мемлекет басшысының саяси бағдарын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету — Сенат қызметінің негізгі басымдығы. Алдағы уақытта да бірлесіп, мемлекеттік мүдде жолында нәтижелі еңбек етеміз деп сенемін», — деген Мәулен Әшімбаев іс-шараға қатысқандарды Республика күнімен құттықтады.

Салтанатты жиында Палата Спикері сенаторлар мен Аппарат қызметкерлеріне мемлекеттік наградаларды тапсырды. Мемлекет басшысының Жарлығымен сенатор Дархан Қыдырәлі III дәрежелі «Барыс» орденімен, депутаттар Сергей Карплюк пен Серік Шайдаров «Парасат» орденімен наградалды. Сондай-ақ сенатор Айгүл Қапбарова және Сенат Аппараты басшысының орынбасары Олжас Данабеков «Құрмет» орденімен наградалды. Палата депутаттары Бибігүл Аққожина мен Қайрат Тастекеевке және бірнеше Аппарат қызметкеріне «Ерен еңбегі үшін» медалі табыс етілді. Бұдан басқа бірқатар депутатқа халықаралық парламентаралық ұйымдардың наградалары тапсырылды.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Республика күні қарсаңында Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Президенттің атынан депутаттар мен Аппарат қызметкерлеріне мемлекеттік наградаларды табыс етті.



Палата Төрағасы жиналғандарды айтулы мерекемен құттықтап, Республика күнінің мән-маңызына ерекше назар аударды.

— Тәуелсіздіктің символы болып қана қоймай, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен осы мерейлі дата қайта түлеп, мемлекет дамуындағы жана дәуірдің бастауына айналды. Республика күні ел күнтізбесінен ойып тұрып орын алды деуге болады. Бұл — мемлекетімізде жүргізіліп жатқан саяси реформалардың нақты нәтижесі. Біздің ендігі мақсатымыз — басты құндылығымыз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай қорғау, оны нығайту. Мемлекет басшысы қандай бастаманы қолға алса да, осы бұлжымас қағидадан айныған емес, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері қазіргі заң шығару қызметіне тоқталып, депутаттар Президент реформаларын іске асыруда үлкен жұмыс атқарып отырғанын атап өтті.

— Біз әрдайым «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын басшылыққа аламыз. Халықтың үнін естіп қана қоймай, азаматтарды толғандыратын проблемаларды білеміз. Заң шығару арқылы олардың шешілуіне атсалысамыз. Сондықтан Мемлекет басшысы Мәслихат депутаттарының форумында «Үнемі сындарлы пікірталас өтіп, нақты шешімдер әзірленетін Мәжілістен үлгі алу керек» деген болатын. Бұл — Президенттің біздің қызметімізге берген жоғары бағасы. Алдағы уақытта да осы қарқынды бәсеңдетпеуіміз керек, — деді палата Төрағасы.

Мереке қарсаңында бірқатар депутат пен Мәжіліс Аппаратының қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар берілді.

Мемлекет басшысының Жарлығымен I дәрежелі «Барыс» ордені V шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің төрағасы Кабиболла Жақыповқа табысталса, «Парасат» орденімен Мәжіліс депутаттары Болатбек Нәжіметдинұлы, Марат Башимов, Берік Бейсенғалиев және Құдайберген Бексұлтанов марапатталды.

Ал «Құрмет» ордені Мәжіліс депутаттары Жигули Дайрабаевқа, Еркін Әбілге, Асхат Рахымжановқа, Екатерина Смышляеваға, Айна Мысырәлімоваға және Мәжіліс Аппараты басшысының орынбасары Индира Мамашева мен Мәжіліс Аппаратының бөлім менгерушісі Патима Қиясбаеваға берілді.

«Ерен еңбегі үшін» медалі Мәжіліс депутаттары Кенжегүл Сейтжанға, Нұргүл Тауға, Данияр Каскарауовқа және Мәжіліс Аппаратының бөлім менгерушісі Жанна Тұрымбаева мен бөлім менгерушісінің орынбасары Сауле Бапақоваға табыс етілді.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов ТМД-ға мүше мемлекеттер Парламентаралық Ассамблеясының медалімен Мәжіліс Аппараты басшысының орынбасары Жасұлан Жүгінісовті, ТМД-ға мүше мемлекеттер Парламентаралық Ассамблеясының Құрмет грамотасымен Мәжіліс депутаттары Магеррам Магеррамов пен Юлия Кучинскаяны марапаттаса, ТМД-ға мүше мемлекеттер Парламентаралық Ассамблеясының «Құрмет белгісін» Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаевқа және ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының Құрмет грамотасын Мәжілістің Баспасөз қызметінің менгерушісі Мұхтар Ибраймовқа табыстады.

Сонымен қатар салтанатты жиында Мәжіліс төрағасының алғысхаттары берілді.

ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ БІРІНШІ ОҚЫЛЫМДА МАҚҰЛДАНДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар жолаушыларды автомобильмен тасымалдау саласындағы кейбір мемлекеттік функцияларды міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуге беру мәселелері туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді шығару (беру), олардың айналысы мен өтелу қағидалары туралы келісім мен Қазақстан мен Франция үкіметтері арасындағы Француз даму агенттігі тобының Қазақстан Республикасында жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялады.

Жолаушыларды автомобильмен тасымалдау саласындағы кейбір мемлекеттік функцияларды міндетті мүшелікке (қатысу) негізінде өзін-өзі реттеуге беру туралы Үкіметтің түзетулерін депутаттарға Көлік министрі Марат Қарабаев таныстырды. Ол заң жобасында тұрақты халықаралық, облысаралық және тұрақты емес автобус тасымалы, такси және олардың диспетчерлік қызметтерін, автовокзалдардың, автостансалар мен жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметтері ұйымдастыру функцияларын өзін-өзі реттеуге беру көзделгенін айтты.

Бүгінде елімізде халықаралық — 61, облысаралық — 189, тұрақты емес — 625, такси 2 833 тасымалдаушы компания тасымал қызметін көрсетеді. Олар өз қызметін жалғастыру үшін Автотасымалдаушылар палатасы түріндегі өзін-өзі реттейтін ұйымдарға бірігуі керек. Ол үшін халықаралық, облысаралық және тұрақты емес автобус тасымалы иелігін-

де автокөліктердің кемінде үштен бірі, ал таксилерде кемінде оннан бірі болуы керек.

— Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар жалдамалы жұмыскерлері жоқ жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қатысты такси тасымалдауды ұйымдастырудың қолданыстағы нормаларын сақтауға бағытталған түзетулер енгізді, — деді заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Нұртай Сабилянов қосымша баяндамасында.

Жобаны әзірлеушілер автоматтан-дырылған диспетчерлік жүйе мен GPS трекерлерін пайдалана отырып, өзін-өзі реттеу үшін автобустарды бақылау механизмін ұсынады. Құжат такси тасымалын бақылау үшін Яндекс.Go, InDrive, «Апару» және «Везёт» секілді интернет-агрегаторларды өзін-өзі реттеуге қосылуға міндеттейді. Әйтпесе, олардың қызметі заңсыз деп танылады және Қазақстан аумағында шектеулер қойылады.



Талқылау барысында мәжіліспен Марат Башимов баяндамашыға түзетулердің автобус жолаушылар тасымалы нарығын монополияландыруға әсер етпей ме деген сауал қойды. Марат Қарабаев бір-бірімен бәсекелесетін үш өзін-өзі реттеуді құру жоспарланып отырғанын айтты. Олар коммерциялық ұйым болып саналмайды, пайдалы қызметпен айналысуға құқығы жоқ әрі тікелей тасымалдаумен айналыспайды. Министрдің айтуынша, бұл факторлар монополияның кез келген түрін жоюға көмектеседі.

Депутаттар заң жобасы туралы Үкімет мүшелеріне өзге де сұрақтарын қойды. Талқылау қорытындысы бойынша, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылданды. Оны екінші оқылымға дайындау жұмыс тобының отырыстарында жалғасады.

Сонымен қатар депутаттар 2023 жылы 31 шілдеде Мәскеуде қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ

шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді шығару (беру), олардың айналысы мен өтелу қағидалары туралы келісімді ратификациялады.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың айтуынша, келісім Еуразиялық экономикалық одақ аясында қоймалық куәліктерді пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзара саудасын, сондай-ақ электронды коммерцияны дамытуға, олардың айналымын және куәлік иелері үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

— Қазақстанда ұлттық заңнамаға сәйкес тек астық қолхатын — борыштық кітапшасы — эмиссиясыз бағалы қағаз түріндегі қоймалық куәлікті шығару қарастырылған. Келісім ережелерінің қолдануын тарату тек астықты ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнім-

дерінің және оның өңделген өнімдерінің басқа түрлерін қамтуы мүмкін, оны Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерді негізге ала отырып, одақ Кеңесі айқындайтын болады, — деді министр.

Мәжіліс сондай-ақ Қазақстан мен Франция үкіметтері арасындағы Француз даму агенттігі тобының Қазақстан Республикасында жұмыс істеуі туралы келісімді ратификациялады. Құжат 2023 жылы 1 қарашада Астана қаласында жасалған. Ол туралы Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров баяндама жасады.

— Келісімнің мақсаты — Француз даму агенттігі тобының Қазақстанда жұмыс істеуінің құқықтық, салықтық және қаржылық шарттарын айқындау. Француз даму агенттігі — Франция Үкіметінің дамушы елдерге ресми даму көмегін көрсететін агенттік, — деді Н.Байбазаров.

Француз даму агенттігі жобаларды 15 жылға дейін ұзақмерзімді қарыздар беру арқылы қолдау көрсетеді. Несиелер жеке компанияларға да, мемлекет қатысатын компанияларға да берілуі мүмкін. Агенттік Қазақстанда сумен жабдықтау, санитария немесе ирригация секторларынан қоса алғанда, инфрақұрылымдық жобалардың пулын қарауға кірісті. Сондай-ақ әйелдер кәсіпкерлігіне арналған кредит желісін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде, оны DAMU қорына беру жоспарланған. Талқылау нәтижесінде Мәжіліс екі келісімді ратификациялады.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 8 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен Telegram арнасында жарияланды.



24 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



А Айхан ШӘРІП

Қазақтың тәуелсіздік тарихы төрткүл дүниенің төрт бұрышына билігін таратқан сақ, ғұн бабалардан бастау алады. Беріде елдің еркіндігі мен ұлт азаттығы Түркі қағанаттары, Алтын Орда, Жошы ұлысы сияқты әлемдік империялардан алтын арқау, күміс өзек тартады. Еншісіне Ащыбас-Шатты алып, Үстірт үстіне «Есен түлейін» құрған қазақы-еркін тайпалар одағы мен Шайбани әулетінің ырқына бағынбай, Қозыбасқа дербес ту тіккен Қазақ хандығы тәуелсіздіктің тың дәуірінің шыңдары іспетті. Ал толық мағынасындағы «Қазақ республиканизмінің» тарихы Қазақстанның «Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясынан» бастау алады.

Қазақстан, әрине, бұған дейін де «республика» аталды. Мысалы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылғы 25 қазандағы №307-ХІІ Қаулысымен бекітілген құжат түпнұсқала: «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы жөнінде» деп аталады.

Қазақстан атауына «республика» айқындаушы алғаш рет өткен ғасырдың басында жалғанды: 1920 жылғы 26 тамызда Бүкілресейлік орталық атқару комитеті (БОАК) мен РСФСР Халық комиссарлары кеңесінің бірлескен декретімен Ресей құрамындағы «Қырғыз

РЕСПУБЛИКА – АЗАТТЫҚТЫҢ АСЫЛ ДІҢГЕГІ

— Мысалы, 80-жылдардың соңына қарай Мәскеу жоғарғы партия мектебінде оқып жүргенімізде, бізге «Қазақстан Республикасы» деп жазуға бейресми тыйым салатын. «ҚазКСР» немесе «Қазақстан» деп түзетін қоятын. Жалпы, республиканизм — тұтас идеология. Ел билеудің бұл формасы азаматтық еркіндік пен ар-ұжданның үстемдігін білдіреді. Азаттық үшін алысып, Алаш қамы үшін жанын пиде еткен арыстарымыз ХХ ғасыр басында «Алашордасын» құрғанда сонау Кант дәуірінен тұжырымдалған нағыз республиканизм идеологиясын ұстан етті. Өкінішке қарай, кеңестік тоталитаризм тұсында бұған қол жеткізу мүмкін емес еді, — деді ғалым.

Оның түсіндіруінше, бүгінде «республиканы» тек монархияға қарама-қайшы сипаттағы басқару формасы ретінде түсіндіру белен алған. Мысалы, әлемдегі екі жүзден астам тәуелсіз мемлекеттің 140-ы республикалық басқару қалыбын тандағаны айтылады. Алайда бір ғана Ресей Федерациясының құрамында 22 республика бар, басқа еркіндікті айтпағанда, оларға өз мемлекетінің басшысын «Президент» деп атауға тыйым салынған. Бұл республиканизмнің табиғатына жат. Сондықтан АҚШ, Мексика, Бразилия,

отырып, бірлесе өмір сүру қағидаларын бірге түзетін құрылым. Неміс философы Иммануил Канттың байламынша, мұндай қоғамда азаматтар бір-бірімен материалдық байлығымен емес, қайырымдылығымен, ізгі істерімен жарысады. Бұл ойды Қазақстан көшбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Нағыз мемлекетшіл, отаншыл адам қара басының қамын емес, халқының игілігін ойлауы керек» деп өрістетті.

Осы орайда Президенттің «Әділетті Қазақстанды» құру бағыты, «Адал адам — Адал еңбек — Адал табыс» тұжырымдамасын ілгерілетуі республиканизм идеологиясымен тығыз қабысып жатыр. Ол 2024 жылғы 15 наурызда, Ұлттық құрылтайдың ІІІ отырысында «Әділетті Қазақстанның», «Екінші Республиканың» маңызды идеологиялық тұжырымдары мен негізгі бағыттарын тарқатып айтып берді.

— Тағы бір қайталап өтейін: бұл — Тәуелсіздік пен Отаншылдық, Бірлік пен Ынтымақ, Әділдік пен Жауапкершілік, Заң мен Тәртіп, Еңбекқорлық пен Кәсіби біліктілік, Жасампаздық пен Жана-шылдық. Ұлтымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа алса, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан ХХІ ғасырда лайықты орнын табады, — деді К.Тоқаев.

Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты да монарх пен аристократияны емес, халықты бірінші орынға қоятын, төрге оздыратын республиканизмнің асыл ұстын, берік тіректерімен тығыз ұштасып жатыр. Мемлекет басшысы орталық пен аймақтардағы билік барлық азаматтың мұң-мұқтажына бірдей қарауға тиістігін нықтады.

Сарапшылар республиканизмді даралар тағы бір құндылық қатарында — халық үшін маңызды шешімдердің референдум арқылы қабылдануын атады. Бұл тұрғыда Қазақстан жұртшылығы мемлекетіміздің жана келбетін қалыптастырған, саяси сипатын жаңғыртқан, әр саладағы тың реформаларға жол ашқан Ата заңға өзгерістерді 2022 жылғы 5 маусымдағы референдум арқылы қабылдады. Сондай-ақ ел Президенті АЭС құрылысына қатысты мәселені 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдумға шығарды. Қ.Тоқаев айтқандай, референдум — тікелей демократияның өте тиімді тегігі: халқымыз қандай шешім қабылдаса, мемлекетіміздің түпкі байламы да солай болуға тиіс.

РЕСПУБЛИКА ӘЛЕМГЕ ШЫҒЫСТАН ТАРАҒАН

Жарты әлемді жалпағынан басқан ұлы империялардың мирасқоры саналатын Қазақстанның монархияға оралмай,

республикалық басқаруды таңдауы бекер емес. Қазіргі заманда ол — билік қалыбының үздігі саналады. Мұның сыртында ол «далалық демократияның» мұрагері — Ұлы дала елінің шығыстық табиғатына мейлінше етене жақын. Тарих ғылымының кандидаты Марат Утеубаевтың айтуынша, «республика» термині латынның қоғамдық іс дегенді білдіретін *respublicum* сөзінен шыққанымен, шынында басқарудың республикалық формасы біздің дәуірімізге дейінгі IV-III мыңжылдықтарда Таяу Шығыстың қала-мемлекеттерінде пайда болған.

— Оларда билікті жиын, сондай-ақ билеуші басқаратын кеңес сияқты сайланбалы билік органдары жүзеге асырды. Шаһар-мемлекеттің толық құқылы азаматының бәрі қатысатын жиын билеушіні сайлаған. Тарихтың өрбу барысында республика әралуан қалыпта дамыды. Ежелгі дәуірде ол Афина демократиялық республикасында (б.д.д. V-IV ғасырлар) және Рим аристократиялық республикасында (б.д.д. V-II ғасырлар) гүлденген шағына жетті. Ал орта ғасырларда Италияның Венециясы мен Генуясында қала-республикалар формасында сақталды. Себебі ол кезде монархиялық басқару үстем болған-тын, — деді эксперт.

Республикалық басқару түрі Англия мен Франциядағы төңкерістерден соң, XVII-XVIII ғасырларда кең таралды. Бұл революциялар абсолютті монархияның құлатуға және республиканы орнатуға бағытталды. Бұл республикалар халықтың егемендігі, сайлау, табиғи құқықтарды кепілдендіру, биліктің ара-жігін ажырату сияқты қағидаттарға негізделді.

— Республика басқарудың формасы ретінде Қазақстанда да дамудың біршама ұзақ эволюциясынан өтті. Қазақстанды мемлекеттік басқарудың түрін тандағанда, бұл таңдау мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының құрылымын, оларды қалыптастыру мен өзара әрекеттесуінің тәртібін айқындайтын көптеген факторға тәуелді болды. Сондай-ақ бұл таңдауға территориямыздың ұлан-байтақтығы, географиялық орналасуы, азаматтық қоғамының келілігі, этникалық құрамы, мәдениеті, діні, сыртқы ортасының ықпалы және басқасы әсер етті, — деді Марат Утеубаев.

Нәтижесінде, тарихшының айтуынша, XX ғасырдың басынан бергі тарихи дәуір кезеңдерінде РСФСР құрамындағы ҚазАССР, КСРО құрамындағы ҚазССР, 1990 жылғы 25 қазаннан бергі азат Қазақстан сияқты республиканың саналуан түрі туындады. Мұндағы бас-тапқы екеуі толыққанды республика болмағанымен, олар дәстүрлі хандықтан ажырап қалған, орыс империясының отаршылдығынан арыла қоймаған қазақ қоғамының қазіргі заманғы жағдайға бейімделуіне септесті.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАЛЫПТАСУДА

Республиканизм тәуелсіздік жылдарында да біршама түрленді. 90-жылдардың басында Қазақстан «парламенттік республикаға» жақын болды, барлық негізгі шешімдерді Жоғарғы кеңес қабылдайтын. 1995 жылғы тамызда жаңа Конституция қабылданып, Қазақстанда қос палаталы кәсіби Парламент пайда болғалы, мемлекетте бірте-бірте «супер-президенттік басқару» бекіді. Ал 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның «басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшетінін» жариялады.

— Қазақстандағы заманауи республиканың бүкіл әралуандылығын шартты түрде 2 негізгі түрге топтастыруға болады: Парламенттік республика және Президенттік республика мен оның туындысы — республиканың аралас нысаны. Бұларды бір-бірінен ажыратқанда, келесі нышандарына назар аудару қажет: заңшығарушылық және атқарушы биліктің өзара іс-қимыл режимі, сондай-ақ Үкіметті кімнің қалыптастыратыны және оның кімнің алдында жауап беретіні, — деді сарапшы Марат Утеубаев.

2022 жылы Ата Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, енді Үкімет жаңадан сайланған Президенттің емес, Парламент Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғарады. Президент Мәжілістің келісімі болса ғана Үкімет басшысын қызметке тағайындай алады. Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін де Мәжіліс комитеттерінің қолдауы қажет. Парламент, соның ішінде Мәжіліс сенімсіздік білдірген жағдайда Үкімет толық құраммен немесе оның жекелеген мүшелері отставкаға кетеді. Парламенттің Премьер-Министрді орнынан кетіруі бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Мәжілісті төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде тартуға тыйым салынған. Яғни, Қазақстан «Парламенттік республика» емес, аралас модельді қолданады.

Бұл ретте заң шығарушы билік — халықтың түрлі топтары, санаттары мен қабаттарының мүддесін ілгерілетіп, солардың атынан өкілдік етеді. Ал атқарушы билік — мемлекеттің іші мен сыртында туындайтын проблемаларға жедел үн қатып, оларды ұтымды шешуге міндетті. Республикалық басқару формасының сан алуан түрінің бірін таңдау да осы екі билік тармағы арасындағы тиімді ықпалдастық пен теңгерімді іздеумен тікелей байланысты. Тиісінше, билік органдарын жетілдіру үшін Қазақстанда әкімшілік реформалар жиі жүргізіледі.

— Дүниежүзінде республикалық басқарудың әртүрлі моделінің тиімділігі мен өкілділігі арасындағы теңгерімге биліктің өзара әрекеттестік режимдерін, оларды қалыптастыру тәртібін және келісім алу тетіктерін араластыра қолданып, жанаша үйестіру арқылы қол жеткізіледі. Тұтастай алғанда, Қазақстандағы республикалық басқару формасы мемлекет пен қоғамды дамытудың барлық тарихи және заңдылық шарттарына толық сәйкес келеді. Қазақстандық республиканизм объективті эволюциялық процесс аясында өркендеу үстінде, — деді тарих ғылымдарының кандидаты Марат Утеубаев.

Қорыта айтқанда, республикалық басқару моделі — тәуелсіздігіміздің берік бір дінгегіне айналды. Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Былтырғы көктемдегі сайлаудан кейін Парламенттегі саяси партиялардың қатары көбейді. Депутаттық корпусының құрамы айтарлықтай өзгерді. Халық тікелей сайлайтын бірмандатты депутаттар пайда болды. Олар көптеген заң жобасына бастамашы болып, өзекті мәселелерді батыл көтере бастады.

Парламент қабылдаған заңдар республикамыздың нығайтып, өсіп-өркендеуіне тікелей әсер етеді. Заң шығарушы билік өткен ІІ сессиясында 102 заң қабылдады. Мұнда қоғамдық бақылауға, ұлттық қауіпсіздікке, адам саудасымен күреске, ғылым және технологияға және басқасына қатысты заңның әрқайсысы өз саласында республиканың тұғырлы құндылықтарының қуаттана түсуіне үлес қосады.

Азаматтардың бойында демократиялық қоғамға тән жаңа әдет-дағдылар мен саяси мәдениет қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады. Жер жүзінде, айналамызда геосаяси теке-тірестер өршігеніне қарамастан көп-тектөріл сыртқы саясатын өрбіткен Қазақстан бейбіт дамуын жалғастырды. Бір сөзбен айтсақ, «Әділетті Қазақстан» құрылып жатыр.

Автономиялы Социалистік Совет Республикасы» құрылды. «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік!» деп мақала жазып, ұран тастаған Сөкен Сейфуллиндей арыс азаматтарымыздың арқасында 1925 жылғы маусымда Қазақстанның атауы өзгеріп, Қазақ Автономиялы Социалистік Советтік Республикасына (Qazaq Aptonom Sotsialistik Sovettik Respublikasy) айналды.

1936 жылдың 5 желтоқсанында КСРО-ның жаңа Конституциясының қабылдануымен бірге Қазақ АССР-інің мәртебесі «одақтас республикаға» дейін «жоғарылатылды» және ол РСФСР құрамынан шығарылды. Сөйтіп, Қазақ КСР-і атала бастады. Алайда отаршылдық езгі мен тоталитарлық қысым заманында Қазақ елі бәрібір толыққанды «республика» дәрежесіне жете алмады. Саясаттанушы-ғалым Зейін Сабырқұловтың айтуынша, қазақтың шынайы республиканизмі тек азаттыққа қол жеткізгеннен кейін ел егемендігінің, тұғырлы тәуелсіздігінің риясыз рәмізі болып беки алды.

Үндістан және басқа да федерациялардың құрамдас бөліктері республика емес, «штаттар» аталады.

РЕСПУБЛИКАДА ТӨРГЕ БІЛІК ЕМЕС, ХАЛЫҚ ОЗАДЫ

Саясаттанушының түсіндіруінше, республиканы жай ғана басқару формасы ретінде қабылдау оны өзіне әу бастан тән көптеген аса маңызды коннотациялардан айырады. Республиканизм құндылықтарын LVCH аббревиатурасы айқындайды. Мұндағы L — *libertas*, мемлекеттің азаттығы және азаматтарының еркіндігі; V — *virtus*, ар-ұждан мен ерлік; C — *communepobonum*, қоғамдық, ұлттық ортақ игілікті құруға араласу; H — *honestas*, азаматтардың сіңірген еңбегін лайықты бағалау, мойындау.

Нәтижесінде, классикалық мағынасында республиканизм немесе республикалық құрылым дегеніміз — бірінші кезекте азат халықтың еркін азаматтары ортақ игілік қағидаттарын басшылыққа ала



МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ПАРТИЯЛЫҚ НАГРАДАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ

«AMANAT» партиясының Орталық аппаратында Республика күні мерекесіне орай салтанатты жиын өтті.

Сөз басында Мәжіліс Спикері «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Кошанов қатысушыларды Республика күнімен құттықтады. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарихи әділдікті қалпына келтіріп, 25 қазанды Ұлттық мерекеге айналдырғанын еске салды.

«Тәуелсіздік жылдары Қазақстан сан өткелектен өтті. Бірақ біз өткеннен сабақ алып, бүгінгімізді табысты, ертеңімізді жасампаз ету мақсатынан тайған емеспіз. Қазір елде болып жатқан оң өзгерістердің барлығы да сол үшін жасалып жатыр. Көріп отырсыздар, заман, қоғам өзгерді. Қоғамдық сана жаңғыруда. Заң мен тәртіп үстемдігін орнатып, Әділетті Қазақстан құруға бет алдық. Ал осы оң өзгерістердің ұшар басында — Президентіміздің реформалары тұр», — деді ол.

Ерлан Кошанов Республика күні қарсаңында ел дамуына ерекше үлес қосқан азаматтардың еңбегі мен жетістіктеріне лайықты құрмет көрсету қадамы игі дәстүрге айналғанын атап өтті. «AMANAT» Төрағасы елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды іске асырудағы партияның ауқымды рөлін атап өтіп, партиялықтарға белсенді жұмысы мен жоғары азаматтық ұстанымы үшін алғыс айтты.

Биыл наградталған азаматтар арасында Атом электр стансасын салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың мүшелері мен белсенділері болды. Штаб алты саяси партия мен республикалық 20-дан астам қоғамдық ұйым өкілдерін біріктірді.



Олардың қатарында педагогтер, дәрігерлер, шаруалар, мұнайшылар, кеншілер, металлургтер және еліміздің барлық өңіріндегі өзге де кәсіп өкілдері бар. Штаб мүшелері АЭС салуды қолдауға қатысты ауқымды түсіндіру жұмысын жүргізіп, Президент ұсынған осы прогрессивті идея төңірегінде қоғамды топтастырды.

Сонымен қатар мемлекеттік және партиялық наградалар жыл басында ел аумағындағы аймақтардың жартысына жуығын әбігерге салған су тасқыны салдарымен күреске белсенді қатысқан «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері мен партия мүшелеріне табысталды. «AMANAT» партиясының мүшелері алғашқылардың бірі болып көмекке келді. Мәселен, Атырауда ұзындығы 20 шақырымнан асатын бөгет тұрғызылды. Қысқа

мерзімде волонтерлер қызметі ұйымдастырылып, гуманитарлық көмек пен құрылыс материалдарын жеткізу жұмысы қамтамасыз етілді.

Президент Жарлығына сәйкес, «Парасат» орденімен кәсіпкер Сыдық Давлетов марапатталды.

«Құрмет» орденін: «СНПС-Ақтөбе-мұнайгаз» АҚ қауіпсіздікті үйлестіру жөніндегі бас инспекторы Абай Сақтағанов, «AMANAT»-тың партиялық бақылау комитетінің мүшесі Әнуар Илиясова, «AMANAT» партиясы Ұйымдастыру және аумақтық жұмыс департаментінің директоры Жанар Бектаева, Павлодар облыстық мәслихаттың төрағасы Илья Теренченко, «AMANAT» партиясы Қарағанды қалалық филиалының атқарушы хатшысы Юлия Бадина иеленді.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен: мүгедектердің спорттық оналту орталығының төрағасы Елдос Баялышбаев, «Жарық» бастауыш партия ұйымының төрағасы Дәурен Әбілхайров, «Ұлы Дала» ауылдық бизнесті дамыту қауымдастығы» РҚБ президенті Ақмарал Бекмырзаева, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы басшысының орынбасары Сырымбек Сәрсембаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жанболат Саймағанбетов, «AMANAT» партиясы Кадрлық жұмыс және құжаттамалық қамтамасыз ету департаментінің директоры Айгүл Төлепбергенова, «Основание» ЖШС темірбетон және ағаш бұйымдары учаскесінің бастығы Евгений Келлер, Жезказған байыту фабрикасы бас корпусының жөндеуші-слесары Мәулен

Көпеев, журналист Полина Шиманская және тағы басқалар марапатталды.

«Шапағат» медалі «Жастар Рухының» жастар жобалары және талдау басқармасының басшысы Жансая Қуанышбековаға табысталды.

Сондай-ақ бірқатар азамат АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың үгіт-насихат жұмысына белсенді қатысқаны үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысхатымен марапатталды. Олардың қатарында: Кәсіподақтар Федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев, Қазақстан Халық партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мирас Әуенов, Ұлттық ядролық орталықтың бас директоры Эрлан Батырбеков, Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев, «Ауыл» партиясы аппаратының басшысы Қуаныш Сейітжанов, «Ақ жол» демократиялық партиясы аппаратының басшысы Асылхан Қожахметов, Қазақстанның атом индустриясын дамыту қауымдастығының төрағасы Алдияр Токтаров, Цифрлық трансформация Қауымдастығының бас директоры Сергей Остапюк және тағы басқалар болды.

«Белсенді қызметі үшін» партиялық наградасын: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Рамазанова, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған күндізгі болу орталығының басшысы Ирина Байғазакова, кәсіпкер Азамат Мұханжанов, «Қазақстан теміржолы» АҚ Павлодар магистралдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Канат Сатабаев және тағы басқалар иеленді.

Ә.САМАТҰЛЫ



ӨРКЕНДЕЙ БЕР, РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ!

Мемлекет басшысы Егемендік декларациясы – тәуекел мен дипломатияның, ақыл мен сабырдың жемісі екенін айтты. «Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам. Сондықтан осы мерейлі күн азаматтарымыздың өзара түсіністігін, тұтас ұлтымыздың еркін өмірге және дербес дамуға ұмтылысын паш ететін мереке болмақ», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Қоғам мен мемлекет игілігі үшін жұмыс істейтін «AMANAT» партиясы өзінің саяси тұғырнамасының өзегі ретінде мемлекеттің дербестігі, ұлттың азаттығы, қоғамның еркіндігі – ешқашан, еш нәрсеге айырбасталмайтын ұлы құндылық деп айқындады. Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің және партиямыздың Төрағасы Республика күнін қайтарудың елдегі ауқымды саяси өзгерістермен тұспа-тұс келуінің символдық мәні зор екенін атап өтіп, жаңғырған мерекеміз ұлттық идеологиямыздың темірқазығы боларына сенім білдірді.

Ортақ құндылықтарды дамуымыздың бағдары етіп белгілеп, ұлттық және мемлекеттік мүдде аясына өңір жұртшылығын жұмылдыруда, арман-тілегі және болашағы бір қоғам қалыптастыруда «AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы өз мақсат-міндеті шеңберінде 83 мыңнан астам азаматты біріктіріп отыр. Аудан, қалаларда 17 партия филиалы қызмет атқарып, 242 бастауыш партия ұйымдары облысымыздағы белсенді қызмет атқаратын қоғамдық-саяси құрылымдар болып түзіліп отыр.

Партияластарымыз сайлауалды бағдарламамызда қамтылған, сайлаушыларымыздың сұраныстарымен айқындалған міндеттердің орындалуын үйлестіріп, Түркістан облысының орнықты дамуына үлестерін қосуда. Партияның ұйытқы болуымен атқарушы және өкілді мемлекеттік билік тармақтарының облыс тұрғындарымен үйлесімді әрекеттестігі қамтамасыз етіліп, ауыл-аймақтардағы қордаланған әлеуметтік мәселелер шешімдерін тауып келеді.

Партия филиалының аланы халықтың үніне құлақ асатын, сайлаушылардың талаптарын бұлжытпай іске асыратын

өзара тиімді мінберге айналды. Партияның облыстық саяси кеңес бюросында, облыс, аудан, қала мәслихаттарындағы партиялық фракция отырыстарында, партия филиалы жанындағы түрлі салалық бағыттар бойынша жұмыс жүргізетін кеңес мәжілістерінде облысымыздың тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер талқыланып, қоғам дамуы үшін маңызды шешімдер ұсынатын саяси ұйым болып бекіді.

Тұрғындардың сеніміне ие болған партия филиалы қоғамдастықпен кері байланыс орнатуды, әлеумет көтеріп жатқан мәселелердің оңтайлы шешім табуына ұйытқы болуды стратегиялық басымдық ретінде айқындайды. Түркістан облысындағы «аманаттық» өкілдер жыл

басынан бері 14 мыңнан астам азаматтың талап-тілектерін тыңдап, олар бойынша дер кезінде нәтижелі шаралар қабылдануына жәрдемші болды. Партиямызға үміт артып келген 8 690 азаматтың өтініштері қарастырылып, оң шешімдерін тапты. Мемлекет басшысы айтқан «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидатты осы тәртіпте мықтап орнықтыруға кірістік.

Шалғай елді мекен тұрғындары үшін көшпелі қоғамдық қабылдаулар өткізу үрдісін енгізіп, партияның Түркістан облыстық филиалының ұйытқы болуымен облыстық деңгейдегі 50-ден астам мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, депутаттары, халыққа қызмет

көрсетуші ұйымдардың өкілдері, заңгерлер мен адвокаттар 8 ауданның 10 шалғай елді мекендерінде қоғамдық қабылдау жиындарын өткізіп, бұл басқосуларымызда 86 ауылдың мәселелері қаралды.

Халқымыздың ауызбіршілігі жуырда АЭС салу бойынша өткен жалпыхалықтық референдумда айқын көрініс тапты. Түркістан облысында Халықтық штаб өкілдері 700-ден астам кездесулер өткізіп, реформалар арқылы елге жанашыр шынайы азаматтық қоғам тіктеліп жатқанын паш етті. Азаматтарға таңдау еркінің берілуі — Тәуелсіз еліміздің демократиялық принциптерге ден қойған, өзінің саяси-әлеуметтік жүйесі берік орныққан ел екенімізді көрсетіп, жана

саяси мәдениетті қалыптастырудың басты алғышарты болды.

Мемлекет басшысы жария етіп, табанды түрде іске асырып жатқан түбегейлі саяси реформалардың нәтижелі жүзеге асуын қамтуда «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Қарызыз қоғам» жобаларын іске асыруда Түркістан облысы жемісті нәтижелер көрсетіп келеді. Сондай-ақ өңірімізде «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Таза бейсенбі», «Ұлттық мұра» жобаларының игілігін онтүстік жұртшылығы кенінен сезініп келеді.

Партияның өңірлік филиалының ұйымдастыруымен облыстағы барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының, Әйелдер канатының, бастауыш партия ұйымдарының, ауыл әкімдерінің форумдары өткізіліп, мазмұнды диалог алаңдары түзілді.

Облыс тұрғындарының 30 пайызға жуығы жастар өкілдері екенін ескере отырып, олардың зияткерлік рухын шындау, бұқаралық спортқа баулуда «Кітап-AMANAT», «AMANAT-AQYLMAN», «Мәслихат-CUP», «Жайдарман» бірегей бастамалары жүзеге асты. Түркістанның жастарды шоғырландыруға қосып жатқан үлесі ескеріліп, біздің облысымызда республикалық жастар саяси лагері ашылып, оның жұмысына Мәжіліс Спикері, партиямыздың Төрағасы Ерлан Кошановтың өзі қатысты.

Бұл соңғы бір жылда біз атқарып жатқан сан қырлы жұмыстың бір бөлшегі ғана. Партияластарымыз, оның ішінде белсенді мүшелеріміз, депутаттар, партия қызметкерлері, бастауыш ұйымдар, партия жанындағы кеңес мүшелері, жастар барлық сала бойынша партияның ықпал арттыратын тетіктерді қалыптастырып, тұтас мемлекеттің дамуына, қоғамның өзгеруіне еңбектерін сіңіріп, үлестерін қосуда. Саяси диалогтің қарқынды дамуында өңірдегі барлық атқарушы және өкілді билік тармақтарымен, құқық қорғау органдарымен, мекемелер мен ұйымдармен ықпалдастық байланысымызды одан әрі арттырып, республикамыздың одан әрі өркендеуіне жағдай жасайтын боламыз.

Бүгінгі мерекеде барша қазақстандық отбасыларға амандық, бак-береке тілеймін! Қуатты ел, көркейген мемлекет болуымызға қосып жатқан үлестеріңізге шынайы ризашылығымызды білдіре отырып, кастерлі Атамекеніміз – Қазақстан Республикасы бейбіт ел ретінде өсіп-өркендей берсін деген тілегімді жеткіземін!

Алтынсары ҰМБЕТӘЛИЕВ,
«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы



24 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

ЖАҢА КӨПІРДІҢ ИГІЛІГІ МОЛ

Шығыс Қазақстан облысында Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін ең ұзын көпір халық игілігіне берілді. Өңірдегі жеті ауданды байланыстыратын жаңа заманауи нысан – тәуелсіздік алғалы ашылған ауқымды жобаның бірі. Ұзындығы 1 316 метрді құрайтын көпірдің салынуы жергілікті жұрттың өмірін жеңілдетері анық. Өйткені осыған дейін облыс орталығына тұрғындар жазда ескі паром өткелімен, ал қыста жүздеген шақырым айналма жол арқылы жететін. Нысанның өңірдегі әлеуметтік-экономикалық даму және логистикаға әсері жайында ШҚО әкімінің кеңесшісі Әлішер Сүлейменов әңгімелеп берді.

А **Кәмила ЕРКІН**

Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір салу туралы Мемлекет басшысы 2019 жылдың қыркүйегінде тапсырма берген болатын. Әлішер Асқарұлы бүгін сол тапсырманың ауқымды нәтижесі екенін атап өтті. Оның айтуынша, көпір 3 қала, 191 елді мекенде тұратын 152 мыңнан астам тұрғынын қамтиды, 2 жүру жолағы бар, ұзындығы – 1 316 метр, ені – 12,1 метр. Жобаның құны 61,4 млрд теңгені құраған. Оның 50,9 млрд теңгесі тікелей көпір салуға, 9 млрд теңгесі – оған апаратын жолға, қалған 1,5 млрд теңге инфрақұрылымдық жобаларға байланысты вибробатырғыштар, бақылауға алынған теңізбен жүретін қайықтар секілді техникалық шығындарға жұмсалған.

— Облыс тұрғындары үшін бұл — үлкен қуаныш. Мұндай зияткерлік, заманауи инженерлік инфрақұрылысты салуға кәсіби деңгейі жоғары 500-ден астам жоғары кәсіби құрылысшы тартылды. Оның ішінде 30-ы — инженер, бәрі де Қазақстан азаматтары. Менің ойымша, мұндағы ең үлкен инвестициялық үлес — осындай күрделі зияткерлік инженерлік құрылысты салу тәжірибесі өзімізде қалады және бұл — біздің технологиялық күрделі жобаларда инвестициялық жағынан тартымды екендігіміздің сөзсіз дәлелі. Сонымен қатар бұл жоба Орта Азия аумағындағы ең ірі көпір болуымен ерекше. Қазак «Жақсылық жасағың келсе, жол сал» деген. Ал жолдың ең жоғары инженерлік шыны бұл — көпір, — деді облыс әкімінің кеңесшісі.

Оның айтуынша, жоба аясында қосымша ұзындығы 20 шақырымға жуық көпірге апаратын автожол салынған. Автожолдың таза ұзындығы — 18,6 шақырым. Оң жақ жағалау, яғни Күршім жағы — 1,3 шақырым, сол жағалау Самар ауданындағы ұзындығы — 13,5 шақырым. Бұдан бөлек, 62 арнайы жабдық пен техника сатып алынған. Олардың қатарында: вибробатырғыштар, түрлі модификациядағы крандар, бұрғылау жабдығы, компрессорлар, жүзу құралдары және т.б.

— Бұқтырма су қоймасы маңында орналасқан 7 ауданды жалғап жатыр: Зайсан, Маркакөл, Күршім, Самар, Алтай, Үлкен Нарын, Катонқарағай. Жобаның негізгі мақсаты — өңірде жыл бойы көлік құралдарының үздіксіз және қауіпсіз қатынасын қамтамасыз ету, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына дем беру. Себебі қазір заманауи экономиканың дамуы жолдар мен инфрақұрылымға негізделген. Сонымен қатар автокөліктердің жыл бойы қауіпсіз әрі дұрыс қозғалысын қамтамасыз ету де негізгі міндет болып отыр. Шығыс Қазақстан халқы бұл күнді 60 жылдан астам уақыт күтті. Өкінішке қарай, осы уақыт аралығында окыс оқиғаларға байланысты 300-ге жуық адам қаза тапты. Бұл мәселеге осымен нүкте қойылды деп есептесек те болады. Өйткені бұрын адамдар мал тасымалдау үшін де, өздері өту үшін де мұздың үстімен жүретін. Өсіресе, күзден көктемге дейін паром жұмысы тоқтаған сәтте су қоймасынан өту өте қиын болатын. Тіпті, осындай окыс оқиғаларға байланысты халық арасында бұл жерді «Қызыл су» деп атап кеткен, — деді Әлішер Асқарұлы.



Сондай-ақ спикер заманауи инфрақұрылыс санатындағы көпірдің мультипликативтік әсеріне де тоқталды. Бұл ауыл шаруашылығына (туризмге) өнеркәсіп салаларын қарқынды дамытуға өз үлесін қоспақ. Оның ішінде құрылыс материалдары өнеркәсібінің өнімдері, темір бетон конструкцияларды өндіру өнеркәсібіне, жалпы құрылыс индустриясына көмектеседі.

— Әлеуметтік экономикалық әсеріне келсек, іргелес аудандардың инвестициялық тартымдылығы артады. Сол арқылы сауда және көлік логистикалық кәсіпорынның жанар-жағармай материалдарының шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді. Жалпы ішкі тауар айналымының өсуіне оң әсерін тигізеді. Себебі жана көлік магистралі Ресей мен Қытайды байланыстыратын ең қысқа транзиттік жолға айналды. Ресей жақта Шемонаиха, Қытай жақта Қапшағай кедендері бар сол аумақ алпыс шақырымға қысқартылды. Бұл стратегиялық маңызды қадам, өйткені екі ел арасындағы жолаушылар тасымалының уақыты мен шығындары едәуір қысқарады. Нәтижесінде, транзиттік көлік ағыны, автотуристер саны артады, — деді кеңесшісі.

Оның айтуынша, заманауи инфрақұрылыс нысаны аймақтағы туризм саласының да өркендеуіне айтарлықтай әсер етеді. Себебі осыған дейін қыс мерзімінде туристерді тартуда жол мәселесі қолға түсау болып келген. Ал бір

ғана көпір құрылысының аяқталуы тауар айналымы, жолаушылар тасымалы, туристік нысандар салу секілді көптеген мәселенің түйінін тарқатты.

— Шығыс Қазақстан облысы — еліміздің маржаны. Өйткені төрт климаттық аймағы бар, ну ормандары мен өзен-көлдері көздің жауын алады. Экологиялық тұрғыдан алғанда өте таза Катонқарағай ұлттық паркі бар. Емдік санаторийлер, Бұқтырма жағалауындағы демалыс орындары мен Күршім ауданындағы Қиын-Керіш каньондары, Маркакөл, Зайсан көлдері мен Сауыр таулары, Ескі аустриялық жол туристер арасында сұранысқа ие екенін білеміз. Сондықтан бұл көпірдің ашылуы экотуризм, балықшылық секілді ішкі және халықаралық туризмді дамытуға үлесін қосады деуге толық негіз бар. Жергілікті ресми мәлімет бойынша, көпірдің ашылуы өңірге келуші туристердің қатарын 30 пайызға арттырмақ. Мысалы, 2023 жылы аймаққа шамамен 370 мыңға жуық адам келген, ал быыл 400 мың адам келді. Болжамға сәйкес, келер жылы 475 мың адамға дейін турист келеді деп күтілуде. Министрлік ұсынған статистика бойынша, 185 мың адам деп көрсетілді, десек те туризмнен келетін кіріс жыл сайын 15-20 пайызға өседі. Демек, алдағы уақытта туристік науқан ұзарады, — деді облыс әкімінің кеңесшісі.

Спикер аталмыш жана нысанның арқасында жергілікті бюджет түсімі

де толығы түсетінін алға тартты. Өйткені өңірдегі кәсіпкерлік өркендеп, өз ісін дамытуға мүмкіндік алып отыр.

— Экономикада ішкі жалпы өнімнің өсуі деген ұғым бар. Көлік логистикасының жақсаруы осы ішкі жалпы өнімді алдағы 3-5 жылда 5-7 пайызға өсіреді. Нәтижесінде, жұмыспен қамту мәселесі де шешімін таппақ. Өйткені көпірге баратын және одан шығатын жол бойындағы жанар-жағармай құю бекеттері, техникалық қызмет көрсету стансалары салынады. Осылайша, жергілікті бюджетке қосымша түсім қамтамасыз етілмек. Өңірдегі кәсіпкерлердің табысы артып, ауыл шаруашылығы өнімдері: сүт пен ет өнімдерінің тасымалы жеңілдеп, малды бордақылау орталықтары ашылады. Тіпті, жедел жәрдем жеткізу қызметінің де қолжетімділігі артып, арақашықтық 500 шақырымға қысқартылды. Қазір көпірден автокөлікпен 4 минут ішінде арғы жағалауға өтуге мүмкіндік бар. Медицина саласы да жана заманауи көпірдің игілігін көреді. Өйткені Шығыс Қазақстанда фармацевтикаға қажетті емдік шөптердің қоры мол. Көпір арқылы медицинаның осы саласы да жандана түспек. Одан бөлек, аймақ — тау-кен өндірісінің орталығы. Сондықтан өңірдегі инфрақұрылымның дамуы кәсіпорындарға шикізат пен дайын өнім тасымалын жеңілдетеді, — деді Әлішер Сүлейменов.

ШЫМКЕНТТЕ ПАТРИОТТАР ФОРУМЫ ӨТТІ

Республика күні қарсаңында Шымкент қаласында мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге арналған «Көк тудың желбірегені» атты патриоттар форумы өтті. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, жастар және қала тұрғындары қатысты. Шымкент қаласының Ішкі саясат және жастар істері басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған форум аясында мемлекеттік рәміздерге арналған көрме өткізілді. Мерекелік жиын Мемлекеттік Ту мен Әнұранды ұлықтаумен ашылды.

Шараның ашылуында сөз алған қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек рәміздерге деген құрмет егемендіктің белгісі екенін атап өтті. «Еліміздің егемендігі жөніндегі декларация қабылданған 25 қазан — Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің бастауына айналған күн. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қайта жаңғырып, ұлттық мәртебеге ие болған бұл мереке мемлекеттің тұтастығы мен халқымыздың ынтымақ-бірлігін бекемдей түсуде, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде ерекше мәнге ие. Рәміздер күнінде басталып, Республика күнінің қарсаңында қортындыланғалы отырған «Көк Тудың желбірегені» патриоттар форумы да осы мақсатпен керемет үйлесім тауып отыр», — деді Сәрсен Абайұлы. Тәуелсіздіктің тұмарына айналған мемлекеттік рәміздерді қадірлеп, құрмет тұту — әрқайсымыздың қасиетті борышымыз екенін, мемлекеттік рәміздер — еліміздің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін қасиетті нысандар болатынын жеткізді. Форум барысында Тәуелсіздік құндылықтары, мемлекеттік рәміздерді

насихаттау арқылы отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерге деген терең құрметті қалыптастыру мақсатында Шымкент қалалық Ішкі саясат және жастар істері басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған «Үздік пост», «Үздік ролик», «Үздік іс-шара» байқауының жеңімпаздары марапатталды. «Үздік іс-шара» номинациясы бойынша бас жүлде — Төлеген Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясына бұйырды. Мектеп оқушылары әлеуметтік желіде көп қаралым жинаған бейнеролик дайындап, жобаға зор үлес қосқанын атап өту керек. Мектеп директоры Ақмарал Сәрсенбаеваның айтуынша, бұл іс-шара — қатысушылардың арасында ғана емес, қала, тіпті республика көлемінде танылған жоба.

Форум соңында Шымкент опера және балет театры мен «Шымкент концерт» ұйымының өнерпаздары мерекелік концерт қойып, мерекелік шараны ерекше көңіл күймен аяқтады.

Назгүл НАЗАРБЕК

БАҚЫТЫН ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН

Адалдықтың маңызды өлшемі – еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген еңбекқор адам ғана табысқа жете алатынын айтты. «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды», – деп атап өтті ел Президенті.

А **Назгүл НАЗАРБЕК,**
Түркістан облысы

Ал қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Бөріне қанағат қыл да, еңбек ет» деген болатын. Елімізде адал еңбекімен, маңдай терімен жерден несібесін теріп, нәпакасын табатын, қара еңбектің адамдары көп. Бірақ көптің ішінде де бірегейлері бар. Табаны күректей 30 жылдан бері жер емген шаруаның бірі, жетісайлық Совет Мұсаев — бүгінде маңдай тердің рақатын көріп отырған жан.

Түркістан облысы Жетісай ауданы Мақталы ауылдық округіне қарасты Алмалы ауылында тұратын шаруа бұрынғы Мақталы кеңшарында бала күнінен еңбекпен жетіледі. Кейіпкеріміздің айтуынша, асқар тау әкесінен 4 жасында көз жазып, анасы балаларын қара еңбектің күшімен өсірген екен. Шиеттей баланы қатарынан кем қылмай өсіру үшін таң алағеуімнен тұрып, қас қарайғанға дейін колхоз жұмысына жетілген. Ал Совет Тастанұлы — анасының жанкешті тірлігіне жаны ашып, бала болса да белі қайыса қара жұмысқа кірісіп, анасына қолғабыс еткен ер азамат. Онжылдықты тәмамдаған соң, Кеңес әскері қатарында болып, әскери борышын атқарған. Елге келген соң дереу қолына кекпенін алып, Мақталы кеңшарында жұмысшы болады. Бертін келе, 1996 жылы «Тастан-ата» шаруа қожалығын құрып, содан бергі кезеңде ауыл шаруашылығының түрлі саласында тер



төгіп келеді. Егін де егеді, мал да бағады. 2 000 жылдары ауылға келіп егін еккен көрістердің жанында жүріп, көмекші, кейін бригадир болып талай тәжірибе жинаған. Бүгінде дақылдың барлық түрін егуге машыктанған маман. Совет Тастанұлы жоғары өнім алу үшін суармалы жерді терең қопсыту тәсілдерін, сонымен бірге тамшылатып суару әдісін де қолданады.

Осылайша, бақытын еңбекпен тапқан шаруа бүгінде қыстың қытымыр аязында далада суыққа тонып, жаздың аптап ыстығында күнге күйіп, егін басында жүреді. Жылдың 4 мезгілінде де жерді бос жатқызбайды. Жазды күні қауын-қарбыз, мақта ексе, қыста қырыққабат жинайды. Одан бөлек, мал шаруашылығын да қоса атқаратын жұмысы бар. Жігіт ағасы қолы қалт еткенде баптап бағатын 5-6 жылқы-

сын қокпарға салатын қызығушылығы бар екенін айтады.

Егіс науқаны қызған шақта 50-60 адамға дейін, кәдуілгі күндері 20-30 шақты жұмысшы егіс алқабында жүреді. Осынау қажырлы еңбектің арқасында бастапқыда жеңіл көлік, кейін газель, трактор көліктерін сатып алған. Екі ұлы Ресейде, әкесі осы жақтан жүк көлігіне артып жіберген қауын-қарбызды күтіп алып, сондағы келісілген нүктелерге таратады. Әке жолын қуған балалары да қара жұмыстың дәмін татып өскен. Асқаралы 60 жасқа таяған Совет Тастанұлы — бүгінде 7 ұл-қызды тәрбиелеп, өсіріп, ұлын уяға, қызын қияға қондырған бақытты әке.

Совет Мұсаев ауданда ұйымдастырылатын кез келген шаралан шет қалмай, қайырымдылық жасап, ерекше жандарға қолдау көрсетіп тұрады. Мақталы ауылдық округі аумағында тұратын тұрмысы төмен отбасыларға тұрақты түрде әлеуметтік көмек көрсетіп келеді. Одан бөлек, қоғамдық жұмысқа белсенді атсалысады. Үлгілі отбасылардың қатарындағы Мұсаевтар әулиеті елге сыйлы, ауылға абыройлы. Совет әкейдің өзі де жүрген жерінде жастарға ақыл-кеңесін айтып, ауылдағы бірлі-жарым тентекті тезге салатын абыз жан. Аудандағы ауқымды істері еленіп, бірнеше мәрте Алғыс хат иегері де атанды. Еңбекпен жетілген, әлі де барға қанағат етіп, егіс алқабынан бір сәтке де шықпайтын осындай нағыз адал еңбектің адамы қандай құрметке де лайық!



КЕРУЕН ШАҢЫНДАҒЫ АЛТЫН

Жантану ілімінде «контраст эффектісі» деген ұғым бар. Мерейтой иесі Серікбай Қосанның өмір жолымен танысқан адам еріксіз бас шайқап, таңдай қағарлықтай біраз контрастарға тап болады: балықшы ауылында дүниеге келіп, түйеші боп еңбек жолын бастаған; жоғары білім алуды Малдәрігерлік-зоотехникалық институтынан бастап, ҚазМУ-дің Шығыстану факультетін тәмамдаған; бүгінгі ғылымдағы үзеңгілестері қазақ тілі мен әдебиетін таңдаса, ол араб тілінен маманданған; ғылыми жұмысын лингвистикадан бастағанмен, әдебиет ауылын маңайлаған... Өмір жолындағы мұндай штрихтар кейіпкердің жеңілді жол деп санамайтын, таптаурын сұрлеумен жүруді қаламайтын, мекхнатты болса да ләззатты, ауыр болса да ғибратты жол іздеген «жиһангерлігінен» хабар береді.



Бұл — өмір жолын тандарда хакім Абай айтқан «ақыл, қайрат, жүректі» бірдей ұстай жол табу жолындағы ішкі арпалысымен «басын тауға да, тасқа да соққан», от басып, су кешкен жанкештіліктің белгісі. Әйтпесе, Алла берген «қиынды қиыстыратын» ақындығымен-ақ нан табуына болар еді. Әйтсе де, Сыр сұлейлерінің шежірелі жырлары талапты жанды формадан гөрі мазмұнға, жаңадан гөрі көнеге көбірек тартқанға ұқсайды. Университет бітірген бойда орта ғасыр ескерткіштері бойынша құрсауды да, тұмсауды да мығым Кенестер Одағы тұсында-ақ есімі алыс-жақын шетелге танымал профессор Әбжан Құрыш-жанұлының жетекшілігімен тақырып бекітті. Ағайын қазыналы қоржынындағы ескерткіштер тілін зерттеуге бел буды. Тіл білімін қаламағандығынан ба, басшылары бағаламағанынан ба, әлде табиғатына жат алдыңғы буынды ағаламағандығынан ба, білмедім, 7 жыл дегенде ауысып кетті. Қызығы көп қызды ауылда әсерленбеді десем өтірік бірақ есерленбеді. Ұстазы Әбжан Құрышжан және оның шәкірттері Сержан Дүйсен, Серікбай Қосан, Әділбек Ташау — төртеуі ЖЕНПИ-де туркологияның туын желбіретті. Кішігірім «Қыпшақия қағандығы» құрылғандай еді. Неге екенін білмедім, сол қағандық ыдырып, үш жігіт үш жакка кетті. Әділбек Астанаға қоныс аударса, қос Секен Алматыда қалды, әсіресе қос Секен қалай дегенмен де, ұстазынан көнеліктің көсеуін ұстай кеткені анық. Алысқа ұзап кетпеді. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөліміне орналасты. Осы ұжымда маман ретінде де, ғалым ретінде шыңдалды. «Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (Ақындық дәстүр, жанр, поэтика)» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. «Жыраулардың жаппозы» атанып, «Аузынан шыққан лебізі Қазақты сүттіей ұйытқан» Базар жырау мұрасына әдеби-композициялық талдаумен шектеліп қалмады, архив қойнауынан көпке белгісіз нұсқаларын іздеп тауып, халқымен қайта қауыштырды, жырау поэзиясының жанры мен поэтикасы туралы тың тұжырымдар жасады.

Көне дәуір мұраларын құныға, індете зерттеді. Әдебиет институтындағы мықты текстолог алдыңғы буын ағаларының мектебінен өтті. Аз жылда әйгілі ғалымдармен терезесі тең, ғылыми полемикаға түсе алатын мықты зерттеушіге айналды. «Көне түркі дәуіріндегі және орта ғасырлардағы әдебиет», «Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы мәселелері» тағысын

тағы зерттеу жобаларына орындаушы ретінде де, жетекші ретінде де атсалысты. Әсіресе, «Бабалар сөзі» 100 томдық сериясының 25-63 томдар аралығында жауапты редактор қызметін атқарып, 7 жыл «Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті» бөлімін басқарды. Осылайша, өзінің «Шама» өлеңінде айтқандай, «шығыстан шыққан керуеннің шаңынын» ішінде жүріп, батыстық өркениетке оппозиция ретінде түркі жұртының жауһарларын төге алатын, бүгінгілер түсіне бермейтін көне жазулардың көбесін сөге алатын алтынға айналды.

Бір жиында айтқаным бар еді: «Қазір филологтар бір тілді ол — әдебиетші, ол — тілші деп бөліп, ортасына Қытай қорғанын тұрғызбағанмен, соған пара-пар шекара белгілеп зерттеуге көшкен...». Секен бұл қарағатты да бұза білген, әсіресе зерттеу әдісі тарих, тіл, әдебиет синергиясына негізделген түркі жәдігерлерімен түбегейлі айналысуға бет бұрды. Х-ХІІ ғасырлардағы алғашқы түркі-мұсылман мемлекетінің негізін қалаған сұлтан Сатұқ Бұғра хан ғазы мен оның ұрпақтарының Ислам дінін нығайту, түркі тілдес елдердің бірлігін күшейту жолындағы жанқиярлық күрес-жорықтары баяндалатын «Тәзкіре-и Бұғра хан» шығармасын тәржімалады. Кезінде Ш.Уәлиханов, В.Бартольд, Қ.Халидұлы сынды білімпаздар атап өткен бұл шығармаға кейінгі буыннан ешкім назар аудармағанына, Орталық Азия, Қытай, Ресей елдерінің мұрағаттарында бірнеше көшірмелері сақталған ғажайып ескерткіштің әлі күнге шейін ешбір тілге аударылмағанына, әсіресе тарихшыларға қарата ренішін бүгіп қалмады. Құлды барлаудағы із кесушідей ескерткіштің ізін іздейді. Ыбырай атамыз жазып, балашағамыз жатқа айтатын «Оқысаңыз, балалар,

Шаман шырақ жағылар, Тілегенің алдынан. Іздемей-ақ табылардың» өзі болады. Іздеген құжат иек астында, Алматыдағы Орталық ғылыми кітапхананың сирек Қорында сақталып келген екен. Секен оны іздеген, тапқан, бар ынтасын салып, екі жылдай уақытта қазақша сөйлеткен. Секеннің үлесі — аудармадан аудару емес, түпнұсқадан, көне түркі тілінен тікелей тәржімалауында, айтуға оңай болғанмен, бұл — мекхнатты жұмыс. Әсіресе, күні кешегі Ахмет атаның әлілпиімен жазылған еңбекті түпнұсқадан оқи алмайтын ұрпақ үшін бұл тіпті ерлік! Осылайша, «Тәзкіре-и Бұғра хан» тәржімесі отандық түркітану, шығыстану, исламтану, тарих және пәлсафа ғылымдары үшін тын нысан, соны жаналық боп енді. Осы кітаптың маңызы туралы тәржімашымыз былай дейді: «Түркілер тарихы мен мәдениетінде Сұлтан Сатұқ Бұра хан мен оның ұрпақтары билеген кезеңнің маңызы өте зор. Қарахан мемлекетінің тұсында әлемдік ақыл-ойдың маржаны саналған Жүсіп Баласағұндын «Құтты білігі», түркі халқынан шыққан тұңғыш энциклопедист-ғалым Махмұт Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағы», Ахмет Жүйнекидің «Ақиқат сыйы», әйгілі Түркістан Пірі, ғұлама әрі ақын Әзірет Сұлтан Хожа Ахмет Йасауидің «Хикметтері» дүниеге келді. Түркі дүниесінің төрт дінгеіне айналған осынау ғажайып туындылардың күт-мекені, киелі қонысы, қасиетті ордасы һәм сәулетті сарайлар мен мазарлар салдырған дәулетті қағандарымыздың өткен дәуренін зерттеу мен зерделеу — қазақ ұлтының да мәңгілік борышы. Біздің келешек ұрпақтарымыз сонау Қашқар уәлаятының Артыш кентінің түбінде күмбезін күн сүйіп жатқан Әзірет Сұлтан Сатұқ Бұғра хан мен түмен бабтың ордасы, қазақ халқының рухани байтағы Түркістанда маңдайын көкке тіреген маңғаз мазардың иесі, иісі түркінің киесі Әзірет Сұлтан Ахмет Йасауи арасын жалғайтын алтын жұлгелердің құпиясын құмарта оқып, үйренуге тиіс. Сол асылымыздың сынғығы, мәңгілік құндылықтардың мәйегі, мәдени мұрамыздың ең мәндісі назарларыңызға ұсынылып отырған — «Тәз-

кіре-и Бұғра хан», — деп бүгінгі және кейінгі ұрпаққа аманаттайды. Бұл да ғалымның ғылымға, бабалар мұрасына деген шексіз інкәрлігін айқайтайтын факт.

Секеннің құстын қос қанаты іспетті әдебиет пен тілді қатар алып жүргендігін дәлелдей түсетін бірнеше мақаласы бар. Оның бір-екеуіне қысқаша тоқтала кетуді жөн көрдік. «Есімнама ілімінің кейбір мәселелері» деп аталатын мақалада тіл біліміндегі жалқы есімдерді зерттейтін ономастика саласына қатысты пікірлерін ғасырлар қойнауынан тарта талдайды. «Ономастика» деген жаттілдік терминнің морфологиялық құрамын, әр сынарының этимологиясын талдай келе, бұл терминге балама ретінде «есімнама» терминінің ұсынып, оны үздейді: «...«онома» гректің «есім, ат» деген ұғымдағы сөзінен алынған болса, «нама» сөзі орта ғасырдағы қазақ тілінде және жеке шығармалардың атауының соңына жалғанып жазылатын болған. Мәселен, «Мұхаббат-нама», «Жаһаннама», «Шаһнама», «Ғибрат-нама», «Ескендір-нама», тағысын тағы Әсіресе, шағатай, оғыз-қыпшақ тіліндегі кей диалекттерде «нам» — кісі есіміне қатысты айтылады». Бірақ автор ұсынған бұл термин қазір «персоналия» деген ұғымның баламасы ретінде тілімізге өткен ғасырдың соңғы ширегінде-ақ еніп кеткен еді. Осы персоналия мен ономастика терминдерінің қайсысының «есімнама» атауына мағыналық жақындығы басымдығын терминологтардың еншісіне қалдырды. Осы еңбегінде орта ғасырда өмір сүрген Махмұд Қашқари, Әбу-райхан Бируни, Ибн Батута, Якут, Ибн Сина, Мұхамед Хайдар Дулати, Захаридин Бабыр, Ұлықбектің шығармаларынан мысалдар келтіріп, Арал, Қуандияри, Балқан, Мұғалжар, Алатау сияқты топонимдерді түсіндірудегі жансақ көзқарастарды сынайды. Айталық, жер-су атауларының тарихи-әлеуметтік немесе мифологиялық жақтарын, жергілікті халық аңыздары мен фольклорлық шығармалардың деректерін, өткен ғасырдағы баспасөздерде берілген атауларды ескермеу, географиялық бедер мен мекеннің атауын шатастыру, тағысын тағы сол сияқты маңызды факторларды ескермеуден кеткен қателіктерді сынай отырып, «топонимдердің тасасында маңызды тарихи оқиғалар, көне мифтік аңыздарға бай фольклорлық мұраларда жасырынып жататындығына» зерттеушілердің назарын аударды. Расында да Балқан топонимінің түсіндірмесін беруде еуропалық Балқан тауы мен Балқан шыңағағы туралы түсінік беріп, өзіміздің Каспий теңізінің жағалауындағы Балқан шығанағын немесе қазақтар мен түркімендердің бір кездері қатар қонған құтты мекені — Балқан тауын ескермеу бұл саланы зерттеушілер тарапынан кеткен ағаттық екеніне дау жоқ. Ғалым осы мақаласында ғимараттарға, мекемелерге атау қоюда соңғы жылдары үрдіске айналып бара жатқан лингвэкология мәселесін де орындар көтереді.

Қысқасы, сөз басында айтқандай, «Шыңдарға биік талпынып, талай алқысқа» да, бүгінде Серікбай Қосан — жазба ескерткіштерді түпнұсқала оқып, зерттейтін, қазақ филологиясына, қала берді, түркологияда өзіндік қолтанбасы бар ғалым. Зерттеулерімен болсын, өлендерімен болсын, Қызылорда мен Аралдан әлдеқашан ұзап кеткен қазақ. Әйтпесе, «Шығыстан шыққан керуеннің Шаңында қалған алтынмын» деп жазар ма еді? Оның сөзі алып Евразия кеңістігінің Шығыс бөлігінен Батысқа бағытталып тұрған жоқ па? Ал керуен шаңында не қалмады дейсіз? Бақыр да, мыс та, басқа да. Ал алтынның жөні басқа! Мерейтойыңыз құтты болсын, керуен шаңындағы Алтын аға!

Тыныштық ЕРМЕКОВА,
профессор, филология
ғылымдарының докторы



24 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІКТЕР ДАРА ШЫҚТЫ

Қай салада болмасын, жұмысшы мамандықтарының еткен еңбегі ерен. Олар мекеменің негізгі қозғаушы күші саналады. Әсіресе, өндіріс саласында жұмысшыларға жүктерлер жауапкершілік жүгі ауыр. Сондықтан олардың көзсіз ерліктері сөзсіз жоғары құрметке лайық. Жұмысшыларын компанияның басты іргетасы деп санап, оларды үнемі ынталандырып отыратын магистралдық газ құбырының ұлттық операторы – «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы жыл сайын Қазақстан бойынша барлық филиалдарының жұмысшылары арасында «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауын өткізіп отырады. Биылғы кезекті іс-шара «Тараз» магистралдық газ құбырлары басқармасы филиалының өндірістік объектілер базасында болып өтті.

А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Жалпы, 2006 жылдан бері дәстүрлі өткізіліп келе жатқан байқауға биыл Алматы, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Қостанай, Орал, Қарағанды, Қызылорда, Шымкент және Тараз қаласынан 90-нан астам үміткер қатысып, бақ сынасты. Айта кету керек, аталған үміткерлер — өз аймақтық өндірістік филиалдарында алдын ала сынақтан өтіп, жүзден жүйрік шыққандар. Олар барлығы 13 мамандық: технологиялық компрессорлар машинисі, технологиялық қондырғыларды жөндеу слесарі, желілік құбыр өткізуші, газ тарату стансасының операторы, газ өндіру, ұңғымаларды зерттеу операторлары, жерасты құбырларын тоқтанудан қорғау монтері, электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері, электр газбен дөнекерлеуші, газбен кесуші, бақылау өлшеу аспаптары және автоматика слесарі, ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысы, ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылау-шысының көмекшісі аталымдары бойынша өздерінің білімі мен біліктіліктерін қатар таразыға салып, бақ сынасты.

Байқаудың ашылу салтанатында «Тараз» магистралдық газ құбырлары басқармасы филиалының директоры Ғалымжан Сағынтаев сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі. «Жыл сайын «Интергаз Орталық Азия» мекемесінде дәстүрлі түрде өткізілетін «Үздік маман» байқауы биыл Тараз қаласында ұйымдастырылып отыр. Бұл іс-шара, ең алдымен, мамандарымыздың біліктігін арттыруға зор ықпалын тигізеді. Сондықтан да бүгінгі байқау үздіктердің үздігін анықтайтын, тәжірибе алмасатын алаң десек те болады. Қыс айларының қаһарлы боранына, жаздың аптап ыстығына қарамастан, аянбай еңбек етіп, халықты газбен қамтамасыз етуге барынша күш-жігерін салып жүрген жұмысшы мамандарымызға сәттілік тілеп, алғысымды айтқым келеді! Бүгінгі додада жүзден жүйріктер дара шықсын!», — деді филиал директоры. Өз кезегінде сөз тізгіндеген «Интергаз Орталық Азия» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры Әлия Қазғеева да ыстық лебізін

білдірді. «Жыл сайын үздік маман иесін анықтау біз үшін маңызды. Себебі мұндай байқаулар жұмысшылардың жігерін жанып, жұмысқа деген ынтасын арттыра түседі. Егер биыл бағы жанбаса, келер жылы тағы да бақ сынап көруге мүмкіндіктері бар. Өзара достық әрі әріптестік байланысқа үндеген байқауда қатысушылар тәжірибе алмасып, жұмысты жүргізудің жаңа қырларын да тани түспек. Сондықтан бұл байқаудың беделі мен берері мол», — деді Әлия Жемісқызы.

Қазір елімізде газ тасымалдау саласы маңызды рөл атқарып тұрғаны анық. Сондай-ақ соңғы онжылдықтың бедерінде қарқынды даму жолында. Осыған орай «Интергаз Орталық Азия» мекемесі жұмысшылар үшін барлық қолайлы жағдайды жасап, жастарды оқытуға арнайы қаржы да салауда.

Кәсіби жұмысшылардың шеберліктерін шындайтын байқаудың басты шарты — әр жұмысшы өз деңгейі мен сапалы жұмысын көрсетіп, тапсырманы тиянақты орындау болды. Екі күнге созылған додада үміткерлер теориялық және практикалық білімдерін, дәрігерге дейінгі шұғыл көмек көрсету бойынша қабілеттерін шындай білді. Сондай-ақ өндірістік алаңда жұмысшылардың тәжірибелік қасиеттерін анықтап, қауіпсіз тәсілдердің қолданылуын қамтамасыз ету бойынша сынға түсті. Осылайша, тартысты өткен байқаудың төрелігін әділ қазылар алқасы жария етіп, әрбір аталым бойынша жеңімпаздар марапатқа ие болды. Оларға дипломдар тапсырылып, жоғары кәсіби шеберліктері үшін жалақыларына жылдық үстемесі белгіленді.

Ал жалпыкомандалық есепте байқаудың басты олжасы — «Үздік маман» ауыспалы кубогы ең көп ұпай жинап жеңіске жеткен «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Шымкент» магистралдық газ құбырлары басқармасы филиалына табысталды.

Иә, тіршіліктің тайқазанында қайнап, шарболаттай шыңдалған еңбек адамдарына қандай құрмет көрсетсе де жарасалы. Бұл тұрғыда «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның жұмысын ерекше бағалап өткен жөн. Додадан дара шыққандардың білігі мен шеберлігі кейінгілерге үлгі болғай.



ТУСМ-1 Объединения «Дивизион «Сеть» филиала АО «Казхателеком» объявляет о проведении аукциона по реализации 9-ти единиц транспортных средств.

1. Описание объектов: - УАЗ-390902 цельнометаллический 2003 г. в. — 83 444 тг. Требуется капитальный ремонт. Аварийная; - УАЗ-39094 фермер 2005 г. в. - 256 117 тг. Требуется капитальный ремонт; - УАЗ-39094 фермер 2006 г. в. — 253 528 тг. Требуется капитальный ремонт; - УАЗ-39094 фермер 2006 г. в. — 306 767 тг. Требуется капитальный ремонт; - УАЗ-390942 фермер 2003 г. в. — 425 046 тг. Требуется капитальный ремонт; - УАЗ-3909 фермер 2003 г. в. - 279 963 тг. Требуется капитальный ремонт; - УАЗ-39094 фермер 2003 г. в. - 400 048 тг. Требуется капитальный ремонт; - УАЗ-390902 цельнометаллический 2005 г. в. - 217 098 тг. Требуется капитальный ремонт; - ВА3-21214 2009 г. в. — 615 365 тг. Требуется капитальный ремонт;
2. Место проведения аукциона: г. Алматы ул. Ермака 17 ТУСМ-1.
3. Метод торгов — английский.
4. Дата и время проведения аукциона: 26.11.2024 г., 14 час. 30 мин.
5. Гарантийный взнос вносится участниками аукциона путем перечисления денег на банковский счет продавца по реквизитам: Обьединение "Дивизион "Сеть" филиал АО "Казхателеком", Республика Казахстан, 050002, г. Алматы, ул. Есенова 23/7. ИИК КЗ63601А861011913761 (KZT), БИК HSBKZZKX, БИН 940241000314 АО «Народный Банк Казахстана» КБЕ 16, в размере не менее 5 (пяти) процентов от начальной (стартовой) цены объекта продажи. Если Покупатель участвует в аукционе по нескольким объектам, гарантийный взнос вносится 10 (десяти) процентов начальной (стартовой) цены за один объект с наибольшей начальной (стартовой) ценой. Гарантийный взнос должен вноситься участником аукциона не позднее 1 (одного) календарного дня до начала аукциона.
6. Условия оплаты по приобретенному объекту продажи: покупатель в течение 5 (пяти) банковских дней со дня заключения договора купли-продажи производит оплату за транспортное средство.
7. Заявки принимаются со дня опубликования объявления о проведении аукциона до 25.11.2024 года с 08-30 до 17-30 часов по адресу: г. Алматы ул. Ермака 17 ТУСМ-1.
8. По всем вопросам обращаться по адресу: г. Алматы ул. Ермака 17, телефоны для справок: 8(727) 384-46-86, 8(707) 201-62-01 (по техническим вопросам).

«Казхателеком» АҚ филиалы «Желі дивизионы» 1-МЖТТ 9 бірлік көлік құралдарын сату бойынша аукцион өткізетінін хабарлайды.

1. Нысандардың сипаттамасы: - УАЗ-390902 2003 ж. ш. толығымен металл — 83 444 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді. Авариялық; - УАЗ-39094 фермер, 2005 ж.ш. - 256 117 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді; - УАЗ-39094 фермер, 2006 ж.ш. - 253 528 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді; - УАЗ-39094 фермер, 2006 ж.ш. — 306 767 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді; - УАЗ-390942 фермер, 2003 ж.ш. - 425 046 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді; - УАЗ-3909 2003 ж. ш. толығымен металл — 279 963 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді; - УАЗ-39094 фермер 2003 ж. ш. - 400 048 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді; - УАЗ-390902 2005 ж. ш. толығымен металл — 217 098 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді; - ВА3-21214 2009 ж. ш. — 615 365 тг. Күрделі жөндеуді қажет етеді;
2. Аукцион өткізілетін орын: Алматы қаласы, Ермак көшесі 17, 1-МЖТТ.
3. Сауда әдісі — ағылшын тәсілі.
4. Аукцион өткізу күні мен уақыты: 26.11.2024 ж., 14 сағ. 30 мин.
5. Кепілді жарнаны аукционға қатысушылар келесі деректемелер бойынша сатушының банктік шотына ақша аудару арқылы төлейді: «Казхателеком» АҚ филиалы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Есенова көшесі 23/7. БСН 940241000314, БСК HSBKZZKX, ЖСК КЗ63601А861011913761 (KZT), «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, КБЕ16 сату нысанынан бастапқы (бастапқы) бағасының 5 бес пайызы мөлшерінде. Сатып алушы аукционға бірнеше нысан бойынша қатысқан жағдайда кепілді жарна ең жоғары бастапқы (бастапқы) бағасы бар бір нысан бойынша бастапқы (бастапқы) бағаның 10 он пайызы мөлшерінде төленеді. Кепілді жарнаны аукционға қатысушы аукцион басталғанға дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей төлеуге тиіс.
6. Сатып алынған нысанға ақы төлеу талаптары: сатып алушы сатып алу-сату шарты жасалған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде көлік құралына төлемді жүзеге асырды.
7. Өтінімдер аукцион өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2024 жылғы 25.11 дейін сағат 08-30-дан 17-30-ға дейін 1-МЖТТ, Алматы қаласы, Ермак көшесі 17 мекенжайында қабылданады.
8. Барлық сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: Алматы қаласы, Ермак көшесі 17, анықтамалар үшін телефондар: 8(727) 384-46-86 8(707) 201-62-01.



24 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

МЕНІҢ АТЫМ – ҚАЗАҚСТАН

«Менің атым... Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып калғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін». Қожаның осы монологі көптің есінде болуы керек. Бұрыннан балаға ат қоюға ерекше мән берген халықпыз ғой. Қазір елден ерек есім қойған жандар көп. Солардың арасынан Республика күніне орай, елімізде патриоттық сипаттағы сөздермен аталатын азаматтарды іздеп көрдік.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Дербес мемлекеттердің тәуелсіздігін айғақтайтын «Шекара», «Рәміз», «Ата Заң», «Тенге», «Конституция» сияқты белгілердің болуы шартты. Дәл осындай атаумен есім алған адамдар да бар. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елде Қазақстан есімді 7 адам, ал Казахстан есімін алған 24 адам тұрады. Одан бөлек, есімі Отан 136 адам, Ел мен Атазаң есімді 1 адам, Рәміз 3 адам, Атамекен 17 адам, Тәуелсіз 2 адам болса, Тәуелсіздік есімін 1 адам алыпты. Ол Жетісу облысы Көктал ауылында тұрады. 8-сыныпта оқитын Тәуелсіздіктің есімін әкесі Батырбек Қабанбайұлы ырымдап қойған екен. Айтуынша, егемендіктің қадірін біліп жүрсін деген ниетпен қойған.

«Ұлым 1 желтоқсанда туды. Бұл сол кездегі «Тұңғыш Президент» күніне тура келген еді. Алдымызда – Тәуелсіздік күні. Әрі желтоқсанның ызғарында азаттық үшін күрескен Ләззат Асанова Көкталда, Ербол Сыпатаев Панфиловта туған ғой. Тәуелсіздік құрбандарының есімі ұмытылмауы үшін осы есімді қойдым. Одан кейін балама ат қойғанда болашағына да әсер ететінін ұмытпадым. Ешкімнің қолына қарамасын, еркін өссін деген ниетпен ырымдап «Тәуелсіздік» деп қойдым», – дейді әке.

Ал 2006 жылы дүниеге келген Ақсу ауданының тумасы Отан Оразбеков өз есімін «отаншыл болсын» деп атасы ырымдап қойғанын айтты.

Ұлттық статистика комитетінің ресми сайтында «Ватан» есімді 16 адамның және 576 адамның аты «Мамлакат» есімін байқалды. Одан бөлек, Қазақстанда «Россия» есімді 6 адамның



бар екені туралы дерек бар. Бұдан өзге этностардың да өз еліне деген патриоттық сезімі балаға ат қоюда байқалады деп топшылаймыз.

Белгілі бір уақыт аралығындағы елеулі оқиғаларға катысты да ерек есімдер қойылатынын мойындау керек. Тәуелсіздік алғаннан кейін 25 адамға «Егемен» аты қойылса, 12 адам «Тенге» есімін иеленген. Этнограф Досымбек Қатранның айтуынша, елімізде кандай да бір оқиға болса, сонымен байланысты есімдер қойыла бастайды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елде Қазақстан есімді 7 адам, ал Казахстан есімін алған 24 адам тұрады. Одан бөлек, есімі Отан 136 адам, Ел мен Атазаң есімді 1 адам, Рәміз 3 адам, Атамекен 17 адам, Тәуелсіз 2 адам болса, Тәуелсіздік есімін 1 адам алыпты. Ол Жетісу облысы Көктал ауылында тұрады.

«Ашық дереккөздерде саммит кезінде туған Саммитхан, Саммитбек сияқты 20-ға тарта адам бар екен. Азиада ойындары уақытында дүниеге келген Азиада қыздың бар екенін білеміз. Сонымен қатар ірі тұлғалардың есімін береді. Ол кейде балаға ауыр болып есептелді де, оның есімін өзгертіп айтады. Бұрынғы дәстүр

бойынша балаға ырымдап ат қоя беруге болады. Оның астарында бір гәп бар деген сөз. Өйткені адамның аты өзінің атынан хабар береді. Өз атына лайық болған дұрыс. Бірақ қазіргі заманғы көзқарас өзгерген шығар. Бала өскенде оны қалай қабылдайды? Осы жағынан да қараған дұрыс. Әлемнің қаншама елінде ат қоюдың ерекшеліктері бар. Біздің елдегі ерекшелік есім қойған кезде сөздің түпкі мағынасын ескереді. Сондықтан есім қойған

кезде байқап, зерттеп барып таңдаған дұрыс», – деді этнограф.

Айта кету керек, кезеңдердегі ауқымды өзгерістерге байланысты есім қою тек Қазақстанда емес, әлемнің кей елдерінде де болатын үрдіс. Мәселен, 2022 жылы Украинада «Северус», «Фрея» «Князь» есімдері жиі қойылды. Өйткені «Северус» – бір кездері жетістіктерімен танымал болған әскери операциялар, ал «Фрея» жауынгерлік және магиялық күшке ие соғыстың нәтижесіне әсер ете алатын құдай ретінде бейнеленсе, «Князь» әскери күштерді басқарған.

«Әр елдің салты басқа» демекші, жаңа туған балаға есім қою дәстүрі әлем елдерінде түрліше. Дәстүр мен заңның ұштасуынан қойылған есім баланың болашағына тікелей катысты деп жатамыз. Ресейде балаға экзотикалық есім беру заңды түрде шектелген болса, АҚШ-та баланы кез келген қарапайым сөзбен де атауға болады. Ал Германияда ұлдарға ата-баба есімі қойылса, қыздарға сәйкесінше әйелдердің есімі қойылады. Испанияда мақұлданған есімдердің ұлттық тізімі бар. Халқының балаға ат таңдау еркіндігі жоқ, тек ресми тізімнен ғана таңдай алады. Егер осы тізімге кірмейтін есіммен атаған жағдайда, айыппұл төлеуге тура келеді-мыс.

Халқымызда «Баланың атын ұлық қой, көтере алса, ұлық болсын» деген аталы сөз бар. Ырымға сүйеніп, егемендігімізге катысты есімдерді аркалаған баланың ертеңі тәуелсіздігіміз сияқты жарқын болатынына сенеміз.



ДӘСТҮРЛІ ӘНДЕР БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Республика күні қарсаңында Ұлттық музейде «Шырқа, даусым» атты дәстүрлі әндер байқауы өтті. Бұл шара Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің «Шаңырақ» жобасы аясында ұйымдастырылды.

Байқауға Астана қаласының 6-9-сынып оқушылары катысты. Олар жанды дауыста дәстүрлі әндерді орындады. Дәлірек айтқанда, қазақтың халық әндері, Кенен Әзірбаевтың, Бәкір Тәжібаевтың, Ғарифолла Құрманғалиевтің, Алтынбек Қоразбаевтың шығармалары шырқалды. Әділқазылар алқасы мәдениет және өнер қайраткерлері, музей қызметкерлерінен құралды.

«Қазақ халқының рухани құндылықтары ішінде мақтаныш етер бай мұрасының бірі – дәстүрлі әндер. Бүгін Ұлттық музей бірінші рет дәстүрлі ән байқауын өткізіп жатыр, бұдан кейін жыл сайын тұрақты түрде өтетін болады. Бізде талантты жастар көп, бүгін домбырамен жанды дауыста ән тыңдаймыз. Көзге түскен қабілетті балаларға әрі қарай концерттік бағдарламаларға катысуға, музыка мектебіне түсуге, өнермен кәсіби деңгейде шұғылдану жөнінде бағыт-бағдар береміз. Яғни, бұл жас таланттарды іздейтін конкурс», – деді Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Бекболат Байсағатов.

Байқау нәтижесінде С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінің оқушысы Аружан Атымтай Ғ.Құрманғалиевтің «Әнші даусы» әнімен бас жүлдені жеңіп алды. №26 мектеп-гимназиясының оқушысы, Майраның әнін шырқаған Әнел Шаяхметова I орын, №56 мектеп-лицейінің оқушысы Архат Ербатыр II орын иеленсе, А.Құнанбайұлы атындағы №85 мектеп-лицейінің оқушысы Алуа Сейілхан III орынға лайықты болды.

КӨК БАЙРАҚ НЬЮ-ЙОРКТЕ ЖЕЛБІРЕДІ

Бұл салтанатты іс-шара әйгілі Уолл-Стритте Республика күніне орай ұйымдастырылған. Ту көтеру рәсіміне Нью-Йорк мэриясы, қаладағы қазақ диаспорасы, бірқатар шет мемлекеттердің дипломаттары, Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдігі мен Бас консулдықтары қатысты.



Алаңға АҚШ-тағы Димаштың жанкүйерлері де келген. Қала мэрі Эрик Адамс жиналғандарды Республика күнімен құттықтап, екі ел арасындағы ынтымақтастықты атап өтті.

«Ту халқымыз үшін әрқашанда бірлік пен еріктің символы болып қала береді. Біз АҚШ-тағы әріптестерімізбен бірге осындай шара өткізіп, ұйымдастырғанымызға қуаныштымыз», – деді Қазақстанның Нью-Йорк қаласындағы Бас консулы Рауан Тілеулин.

Ал қазақстандық өнші Димаш Құдайбергеннің АҚШ-тағы жанкүйері Тная Янг біздің елімізді қонақжай халық ретінде таниды.

«Мен Димаштың концерті үшін Қазақстанға барған едім. Үлкен мега-концерт болды. Барша жанкүйерлерге унады. Қазақстан – сондай қонақжай ел. Барша қазақстандықтарды және Димашты мерекемен құттықтаймын!» – деді ол.

Газеттің келесі саны 29 қазан күні шығады

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4513
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,